

Қазақ экономика,
қаржы және
халықаралық сауда
университетінің

ЖАРҒЫСЫ

2009 жылдан бастап шығарылады



№1
2019

ВЕСТНИК

Казакского университета
экономики, финансов
и международной
торговли

издается с 2009 года

Главный редактор:

Г.С. Сейткасимов,
научный руководитель
по экономическим исследованиям КазУЭФМТ,
академик НАН РК, д.э.н., профессор

Заместитель главного редактора:

А.А. Мусина,
директор Центра социально-экономических исследований,
д.э.н., профессор

Редакционная коллегия:

- | | |
|-------------------------|---|
| С.А. Абдымананов | ректор КазУЭФМТ, д.пед.н., профессор математики,
академик МАН ВШ |
| И.Ж. Искаков | ректор АНОО ВПО Межрегионального института
экономики и права при МПА ЕврАзЭС, к.ю.н. |
| В.П. Тихомиров | научный руководитель Московского государственного
университета экономики, статистики и информатики,
д.э.н., профессор |
| С.А. Гуткевич | завкафедрой «Международная экономика» Национального
университета пищевых технологий, д.э.н., профессор |
| Е. Әмірбекұлы | ректор, д.э.н., профессор, Таразский государственный
педагогический университет |
| Д.М. Турекулова | д.э.н., профессор-исследователь КазУЭФМТ |
| Б.Т. Аймурзина | д.э.н., асс. профессор, декан факультета «Бизнес»,
КазУЭФМТ |
| Р.Д. Берназарова | технический секретарь, главный специалист отдела
организации НИР КазУЭФМТ |

Свидетельство о регистрации №15459-Ж (вторичное) от 07.07.2015 года
Выдано Министерством по инвестициям и развитию Республики Казахстан
Комитет связи, информатизации и информации

МАЗМУНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ / МАКРОЭКОНОМИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

<i>Сатканова Р.Г., Мухамбетова Л.К.</i> Қазақстанның стратегиялық дамуының өңірлік аспектілері.....	3
<i>Дошан А.С.</i> Қазақстанда халықты әлеуметтік қорғау және еңбек нарығын реттеу.....	7
<i>Айдарханова Б.Б.</i> Анализ макроэкономических показателей стран Евразийского экономического союза.....	13
<i>Мухамеджанова А.А., Диханбаев Г.К.</i> Потенциал развития солнечной энергетики.....	18
<i>Токсанова А.Н., Галиева А.Х.</i> Перспективы развития государственно-частного партнерства в Республике Казахстан.....	26
<i>Baibasheva G.</i> Analysis and Evaluation of Government Activities Related to Provisioning of Public Goods.....	33

КӘСІПОРЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ЕСЕП / ЭКОНОМИКА И УЧЕТ НА ПРЕДПРИЯТИИ

<i>Керимбек А.К.</i> Шаруашылық кәсіпорынның өндірістік-қаржылық қызметін талдау.....	41
<i>Тусибаева Г.С., Кәжмухамбетова А.А., Айтхожина Л.Ж.</i> Применение МСА в Республике Казахстан: преимущества и недостатки.....	47
<i>Михайлина И.Н.</i> Основные приемы организации учета и аудита дебиторской и кредиторской задолженности.....	52
<i>Chernelevskaya O.L., Chernelevskiy L.N.</i> Sustainable Integration Associations – the Basis of an Innovative Growth Cluster in the Food Industry.....	59

ҚАРЖЫ / ФИНАНСЫ

<i>Алашбаева Н.М.</i> Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалаудың бағыттары.....	67
<i>Шталь Т.В., Алина Г.Б.</i> Риски исламского банка: специфика и особенности.....	71
<i>Лукпанова Ж.О.</i> Налоговое регулирование сельского хозяйства в Республике Казахстан.....	78

БИЗНЕС-БІЛІМНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ / ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ БИЗНЕС-ОБРАЗОВАНИЯ

<i>Амирова Г.К.</i> Қазақстандағы ғылымның даму мәселелері және қазіргі жағдайы.....	84
<i>Абенова Г.И., Владыкина Е.Г.</i> Некоторые аспекты проблемного обучения бакалавров.....	89
<i>Gutkevych S.</i> Trends of Modern Education Development in the World.....	95
<i>Kovalova M.</i> STEM-education: prospects in Ukraine.....	100
<i>Slobodian N.</i> Strategic role of higher educational institutions of III-IV accreditation level in modern conditions in Ukraine.....	104

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР / СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ

<i>Валиева А.Б.</i> Қазақстан Республикасында әлеуметтік жұмыстың теориясы мен тәжірибесін қалыптастырудағы мәселелер.....	109
<i>Аманжолова А.А.</i> Қарт адамдардың әлеуметтік жағдайы мен психологиялық мәселелері.....	115
<i>Сантеева С.Ә., Байдаулетова А.Т.</i> Көру қабілеті шектеулі адамдар қозғалысын басқарудағы Arduino қолданысы.....	122

ӘОЖ 332.1
ҒТАМР 06.61.33

Р.Г. Сатканова, э.ғ.к., доцент
Л.К. Мухамбетова, э.ғ.к., доцент
ҚазЭҚХСУ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ӨНІРЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

Мақалада елдің 2025 ж. дейінгі Стратегиялық жоспарын іске асыру аясында өңірлік дамудың өзекті мәселелері қарастырылады.

Елдің әлеуметтік және экономикалық саясатын іске асырудың басты бағыттарының бірі өңірлердің әлеуметтік-экономикалық алшақтық пен өңірлер арасындағы теңгерімсіздіктің тұтас өсімінен кешенді және теңгерімді дамуы болып табылады.

Кілт сөздер: *стратегиялық жоспар, өңір, аймақтық саясат, макроаймақ, агломерация, хабтық қағида, урбанизация.*

Ключевые слова: *стратегический план, регион, региональная политика, макрорегион, агломерация, хабовый принцип, урбанизация.*

Keywords: *strategic plan, region, regional policy, macro-region, agglomeration, hub principle, urbanization.*

2018 ж. ақпан айында қабылданған елді дамытудың 2025 ж. дейінгі Стратегиялық жоспарында Қазақстанды дамытудың кешенді максаты – әлемнің дамыған отыз елінің лигасы жолында ЭЫДҰ елдері деңгейінде адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға алып келетін экономиканың сапалы және тұрақты өсуіне қол жеткізу айқындалды.

Елдің 2025 ж. дейінгі Стратегиялық даму жоспары – Үшінші жаңғырту міндеттерін шешудің кешенді жоспары. Ол тек экономикалық жаңғыртумен ғана емес, институционалдық және әлеуметтік жаңғыртумен де байланысты мәселелерді қамтиды. Бұл құжат мемлекеттің бірінші басшысы Н. Назарбаевтың стратегиялық бастамаларын жүзеге асыруға бағытталған.

Стратегиялық жоспардың жеті жүйелі реформасы ел өмірінің барлық негізгі аспектілерін қамтиды: адамды, технологияны,

бизнесі дамыту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, өңірлерді, қоғамды және мемлекеттік секторды дамыту. Бұл «жаңа адами капитал», «технологиялық жаңарту және цифрландыру», «Бәсекелестік және бәсекеге қабілетті бизнес», «сыбайлас жемқорлықсыз құқықтық мемлекет», «күшті аймақтар және урбанизация», «қоғамдық сананы жаңғырту», «мемлекеттік сектор өзгерістер көшбасшысы ретінде» [1].

«Күшті өңірлер мен урбанизация» бесінші реформасы өңірлердің белсенді ұстанымы есебінен өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық алшақтықты және теңгерімсіздікті қысқартуға бағытталған, оған серпін жергілікті жерлерге экономикалық өкілеттіктерді кеңінен табыстауға және өңірлік деңгейде инвестициялар тартудың жаңа тетіктерін енгізуге мүмкіндік береді. Өңірлік басшылардың жауапкершілігі қосымша арттырылатын болады.

Елдің әлеуметтік және экономикалық саясатын іске асырудың басты бағыттарының бірі – өңірлердің кешенді және теңгерімді дамуы. Негізгі міндет – жалпы өңірлік өнім бойынша өңірлер арасындағы даму алшақтығын 3,2 еседен 2,7 есе дейін қысқартуға қол жеткізу» [1].

Қазақстан Республикасы өңірлерінің экономикалық даму деңгейлерін салыстыру бір жағынан ірі агломерациялар (Астана, Алматы) мен негізгі мұнай өндіруші өңірлер арасындағы жалпы өңірлік өнім көрсеткіштері деңгейін, екінші жағынан, елдің қалған өңірлері арасындағы елеулі алшақтығын куәландырады.

Бұл көрсеткіштің 2015 ж. бастап 2017 ж. дейінгі кезеңдегі динамикасын талдау жалпы өңірлік өнім ел бойынша 30%-ға жуық өскенін көрсетті, өңірлер бөлінісінде көрсеткіш 16-дан 54%-ға дейін ауытқып отыр. ЖӨӨ өсімі бойынша көшбасшылар – Маңғыстау, Атырау, Ақмола және Қарағанды облыстары.

Өңірлердің елдің жалпы ЖӨӨ-дегі үлесі де айтарлықтай ерекшеленеді. 2017 ж. деректер бойынша елдің жалпы өңірлік өнімінде ең үлкен үлес салмағын 21,8%, 10,9%, 10,6%, 7,9% Алматы қаласы, Атырау облысы, Астана қаласы және Қарағанды облысы алады. Ең аз үлес салмағы СҚО, Жамбыл, Қызылорда, Ақмола және Қостанай облыстары: 2,0-ден 3,4%-ға дейін. Қалған 7 аймақтың орташа үлес салмағы бар: 4,2-тен 6,2%-ға дейін [2].

Қазақстан өңірлерінің экономикалық дамуы тұрғысынан неғұрлым көрсеткіш параметрлерінің бірі жан басына шаққандағы ЖӨӨ болып табылады. Жалпы ел бойынша жан басына шаққандағы ЖӨӨ осы жылдар ішінде 26,3%-ға өсті және 2017 ж. жалпы 2,9 млн теңгені құрады, елдің 7 өңірі осы орташа көрсеткіштен асып түседі (Атырау облысы, Алматы қаласы, Астана қаласы, БҚО, Қарағанды және Павлодар облыстары), елдің қалған 9 өңірі-орта деңгейге жетпей отыр.

Ең жоғары деңгейге Атырау облысы, Алматы және Астана қалалары, Маңғыстау облысы ие: халықтың жан басына шаққанда 5,0-ден 9,4 млн теңгеге дейін. Көрсеткіштің ең аз деңгейі ОҚО, Жамбыл және Алматы облыстары: 1,0-1,2 млн теңге [2].

Жан басына шаққандағы ЖӨӨ деңгейі халықтың ақшалай табыстары мен оның әлеуметтік жағдайына теріс әсер етеді.

Мемлекеттің өңірлік саясаты әртарап-тандырылған ғылымды қажетсінетін экономикасы бар, қызмет көрсету секторларында (білім беру, медицина, туризм, қаржы, ғылыми әзірлемелер және басқалар) дамыған экспорттық әлеуеті бар әлемдік деңгейдегі болашақ қалалар ретінде Астана мен Алматы агломерациясын дамытуға бағытталатын болады [3].

Макроөңірлерді (Батыс, Оңтүстік, Солтүстік және Орталық-Шығыс) дамытудың негізгі басымдықтары оларды дамытуда хаб қағидатын енгізу және осы негізде Шымкент, Ақтөбе және Өскемен қалаларын агломерациялық дамыту үшін базаны одан әрі қалыптастыру тиіс.

Өсу орталықтарындағы жоғары сапалы инфрақұрылым инвестициялар үшін тең жағдайлар жасау және барлығы үшін жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейту кезінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік құралдары арқылы құрылатын болады. Халықтың қалаға келуін қамтамасыз ету үшін жұмыс күшінің аумақтық және салааралық ұтқырлығы ынталандырылады және көші-қон ағындарын басқарудың тиімді тетіктері енгізілетін болады.

Практикалық шараларды іске асыру үшін нақты іс-шаралар, жобалар мен қаржыландыру көлемі бар Өңірлерді дамытудың 2025 ж. дейінгі прагматикалық бағдарламасын әзірлеу тапсырылды.

Бұдан басқа, елдің 2030 ж. дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасы әзірленетін болады, ол елдің басқарылатын урбанизациясының Жаңа картасы деп танылады.

Бүгінгі таңда жетекші елдердің экономикалары көбінесе жаһандық қалалар немесе мегаполистер. Әлемдік ЖІӨ-нің 70%-дан астамы қалаларда құрылады.

Бізде тарихи тұрғыдан өз қалауымыз қалыптасты, моноқалалармен және шағын облыс орталықтарымен аграрлық экономика басымдылыққа ие. Елімізде миллион халқы бар 3 қала бар, оның екеуі – Астана мен Алматы, қазірдің өзінде елдің ЖІӨ-нің 30%-дан астамын береді.

Қазіргі уақытта елде 87 қала, 30 кент және 6569 ауыл, қалаларда халықтың 57,4% тұрады. 2020 ж. қарай елдегі урбанизация деңгейі 60%-ға дейін, 2025 ж. қарай 65%-ға дейін артуы тиіс.

Урбанизация процесі біркелкі болуы тиіс. Реформаның локомотиві тек агломерациялар ғана емес, сонымен қатар экономикалық әлеуеті бар Қазақстанның орта қалалары болуы тиіс. Әлеуметтік және көлік инфрақұрылымын дамыту, бизнесті қолдау және білім берудің озық тәжірибелерін тарату бүкіл ел бойынша өмір сүру сапасын жақсартуды қамтамасыз етеді.

Басқарылатын урбанизация процесінің тиімділігін арттыру мақсатында акцентті урбанизациялаудан халықты урбанизациялауға көшіру жүзеге асырылатын болады. Басқарылатын урбанизация Қазақстанға әртараптандыру және өнімділікті арттыру жолымен экономиканың бәсекеге қабілеттілігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Өңірлік дамудың аталған аспектілері «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламаларында енгізіледі, оларды іске асыру мерзімі 2025 ж. дейін ұзартылады. Бірінші «Нұрлы жол» бағдарламасы көлік инфрақұрылымын дамытуға, екіншісі – коммуналдық және тұрғын үй құрылысына бағытталған.

Соңғы жылдары «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша республикалық маңызы бар инфрақұрылым қалыптастырылды. 2015 ж. бастап 2400 шақырым автожол салынып, реконструкцияланады, 2020 ж. дейін

тағы 4600 шақырым жол пайдалануға беріледі [4].

Келесі кезең өңірлік және қалалық инфрақұрылымды жүйелі дамыту. Ол үшін 2019 ж. жергілікті маңызы бар жолдарды қаржыландыру 150 млрд теңгеге дейін, ауылды сумен жабдықтау 100 млрд теңгеге дейін ұлғаяды.

Сонымен қатар «инфрақұрылым» моделінен «адамдар инфрақұрылымға» моделіне біртіндеп көшу қажет [4].

Бұл елді мекендерді ірілендіруді ынталандырады, бөлінетін қаражатты пайдаланудың тиімділігін арттырады. Әрбір өңір мен ірі қала қолда бар бәсекелестік артықшылықтарды ескере отырып, тұрақты экономикалық өсу мен жұмыспен қамтудың жеке моделіне сүйене отырып дамуы тиіс [5].

Өңірлік дамудағы перспективалық міндеттердің бірі – өңірлердің экономикалық мүмкіндіктеріне және тұратын жеріне қарамастан, халықтың өмір сүру сапасының базалық стандарттарымен қамтамасыз ету.

Осыған байланысты тірек ауылдардан Республикалық маңызы бар қалаларға дейінгі түрлі елді мекендер үшін өңірлік стандарттар жүйесі әзірленеді. Стандарт әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік қызметтердің тізбесі мен қол жетімділігінің, көліктік, мәдени-спорттық, іскерлік, өндірістік, сандық инфрақұрылыммен және басқалармен қамтамасыз етілгендігінің нақты көрсеткіштерін қамтиды.

Бұл ретте шешілмеген проблемалар қатарынан неғұрлым өткірі – сапалы ауыз сумен, медициналық пунктермен, сапалы жолдармен қамтамасыз ету, үш ауысымды оқитудың, апатты мектептердің болуы, ауылдық жерлерге баса назар аударылуы тиіс.

Шағын және моноқалаларды дамыту мәселесі де назар аударуды талап етеді, оны шешу үшін мемлекет басшысы таяудағы үш жыл ішінде қосымша 10 млрд теңгеден беруді тапсырды [6].

Қазіргі уақытта Қазақстанда 41 шағын қала бар, олардың халық саны 947,2 мың

адамды құрайды. Бұл ретте 33 шағын қала тиісті ауылдық аудандардың әкімшілік орталықтары болып табылады, 8 шағын қала ауылдық аудандардың орталықтары болып табылмайды [2].

Моноқалалар тізіміне 27 қала кіреді, олардың халық саны 1,447 млн адамды немесе елдің қала халқының 16,8% құрайды, оның ішінде 16 моноқалалар тиісті аудандардың әкімшілік орталықтары [2].

Мемлекет басшысы сондай-ақ үш жыл ішінде Қазақстанның Астана, Алматы және Шымкент қалаларының шеткі мәселелерін шешуге қосымша 90 млрд теңгеден бөлуді тапсырды [6].

Президент әкімшілігі жасаған өңірлердің проблемалық мәселелері картасының негізінде жүйелі инфрақұрылымдық проблемалық мәселелерді (жолдарды, ауруханаларды, мектептерді, ауылды сумен жабдықтаудың, ТКШ және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелердің жай-күйі) шешу бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Әрбір өңірдің бәсекелестік артықшылықтарына егжей-тегжейлі талдау жасау міндеті қойылды, оның нәтижесі өңірлердің даму әлеуетін және халықтың табысын арт-

тыруға бағытталған нақты шараларды әзірлеу болып табылады [7].

Бұл үшін аумақты дамыту бағдарламасының форматы өзгертіледі. ҰЭМ үйлестіруімен әкімдер «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп өңірлердің шағын және орта бизнесіне талдау мен скрининг жүргізеді. 2020 ж. жаңа форматты және жүргізілген талдауды ескере отырып, барлық өңірлер өзінің аумақтарды дамыту бағдарламаларын түзетеді, онда перспективалы салаларды дамыту, инвестициялар тарту және жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі жоспарлар мен шараларды нақты айқындайды [7].

Бұдан басқа, жүргізілген талдаудың қорытындысы елдің 2030 ж. дейінгі аумақтық кеңістіктік дамуының болжамды сызбасымен және Өңірлерді дамытудың 2025 ж. дейінгі жаңа мемлекеттік бағдарламасымен сәйкестендіріледі.

Осылайша, өңірлік саясатқа жаңа тәсілдерді енгізу еліміздің әр өңірінде стратегиялық маңызы бар өмір сапасын жақсартуға бағытталады. Өмір сүрудің жаңартылған аймақтық сапасына негізделген жаңа елдің картасы құрылуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 2025 ж. дейінгі стратегиялық жоспары. <http://economy.gov.kz>.
2. 2017 ж. Қазақстан өңірлері / Статистикалық жылнамалығы. – Астана, 2018.
3. Нурланова Н.К. Сценарий развития регионов Казахстана и оценка возможностей их реализации // Проблемы развития территорий. – 2014. – Вып. 4/72. – С. 2-96.
4. ҚР Президенті Өңірлерді дамытудың 2025 ж. дейінгі бағдарламасын әзірлеуді тапсырды. – 5 қазан 2018 ж. <https://www.kt.kz>.
5. Амирова Г. Аймақтық және халықаралық интеграция жағдайында ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру // ҚазЭҚХСУ Жаршысы. – 2017. – №1. – С.10-17.
6. Н. Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде сөйлеген сөзі. – 27 ақпан 2019 ж. <https://www.inform.kz>.
7. Т. Сулейменов рассказал о путях решения проблем регионов. – 5 февраля 2019 г. <https://www.kt.kz>.

Аннотация

В статье рассматриваются актуальные вопросы регионального развития в свете реализации Стратегического плана страны до 2025 г.

Одним из главных направлений реализации социальной и экономической политики страны является комплексное и сбалансированное развитие регионов с целью сокращения социально-экономического разрыва и дисбаланса между регионами.

Annotation

The article considers topical issues of regional development in the light of the implementation of the Strategic Plan of the country until 2025.

One of the main bearings of the execution of the social and economic policy of the country is the complex and balanced development of the regions in order to decrease the socio-economic discontinuity and the imbalance between the regions.



ӘОЖ 331.5.024
ҒТАМР 06.77.61

*А.С. Дошан, PhD, ст. преподаватель
ҚазЭҚХСУ*

**ҚАЗАҚСТАНДА ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ
ЕҢБЕК НАРЫҒЫН РЕТТЕУ**

Мақалада Қазақстандағы нарықтық қатынастың қазіргі жағдайларында әрбір адамның денсаулығы халық денсаулығының құрамдас бөлігі ретінде, оның тіршілігінің толыққанды бағасын ғана емес, сонымен қатар оның мүмкіндіктерінің әлеуетін анықтайтын факторға айналып отыр. Халық денсаулығы жағдайының деңгейі өз кезегінде, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және индустриялық даму өлшемін анықтайды.

Жастар арасындағы жұмыссыздық айрықша алаңдаушылық туғызады. Сондықтан, мемлекет жұмыспен қамту саласында түрлі шешімдер қабылдау және әр түрлі заңдар әзірлеу арқылы әлеуметтік-экономикалық және демографиялық саясатты жүргізе отырып, тиімді түрде еңбек ресурстарын басқаруға тырысуда. Зерттеу нәтижелері Қазақстанда халықты әлеуметтік қорғау және еңбек нарығын реттеу қажеттілігін көрсетеді.

Кілт сөздер: әлеуметтік, еңбек нарығы, инновация, ұлттық инновациялық жүйе, Қазақстан Республикасы.

Ключевые слова: социальная, рынок труда, инновации, национальная инновационная система, Республика Казахстан.

Keywords: social, labor market, innovation, national innovation system, Republic of Kazakhstan.

Қазақстандағы нарықтық қатынастың саулығы халық денсаулығының құрамдас кәзіргі жағдайларында әрбір адамның ден- бөлігі ретінде, оның тіршілігінің толыққанды

бағасын ғана емес, сонымен қатар оның мүмкіндіктерінің әлеуетін анықтайтын факторға айналып отыр. Халық денсаулығы жағдайының деңгейі өз кезегінде елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және индустриялық даму өлшемін анықтайды.

Соңғы бесжылдықтың ішінде Қазақстанда жүргізіліп отырған денсаулық сақтау саласындағы саясат экономикалық және саяси трансформациялардың салдары болды, сонымен бірге денсаулық сақтаудағы реформаларға көзқарас бірнеше рет түбегейлі өзгерді. Азаматтардың денсаулығын сақтауға конституциялық құқықтарын іске асыру мақсатында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» 2015 ж. 16 қарашадағы №405-V ҚР Заңы қабылданды. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар келесідей анықталды:

1. Жұмыскерлердің, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын жеке тұлғалардың қорға төлеуге жататын жарналары:

- 2020 ж. 1 қаңтардан бастап жарналарды есептеу объектісінің 1%;
- 2021 ж. 1 қаңтардан бастап жарналарды есептеу объектісінің 2% мөлшерінде белгіленеді.

2. Дара кәсіпкерлердің, жеке не тариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың, кәсіби медиаторлардың жарналары 2020 ж. 1 қаңтардан бастап жарналарды есептеу объектісінің 5% мөлшерінде белгіленеді.

3. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кеткен азаматтардың, сондай-ақ өзге де төлеушілердің жарналары 2020 ж. 1 қаңтардан бастап жарналарды есептеу объектісінің 5% мөлшерінде белгіленеді.

Бұл жаңа мердігерлерді тарту арқылы кезектерді азайтуға мүмкіндік береді.

Жұмыс берушілер үшін:

– еңбек өнімділігінің артуы, дені сау ұжым;


– жоғары деңгейдегі корпоративтік мәдениет;

– жұмыскерлердің ауруларына қатысты экономикалық шығындарды азайту;

– жұмыс уақытын оңтайландыру [1].

Қазіргі уақытта денсаулық сақтау саласы институционалдық тұрғыда өзгеріп, кадрлық әлеуеті дамып, сапалы медициналық қызмет көрсету деңгейіне көтеріліп келеді. Оған дәлел – Қазақстанда соңғы үш жылдың ішінде туу деңгейінің өсуі, жалпы өлім деңгейінің тұрақталуы, тиісінше, халықтың табиғи өсу коэффициентінің артуы. Бұл сектордың реформалары денсаулық сақтау объектілерін жекешелендіру мен жекеменшік мекемелердің ашылуымен сипатталады.

Қазақстан Республикасы аймағында ҚР ЕХӘҚМ мәліметінше, 2018 ж. 1 наурызға еліміздегі халық саны 18195,9 мың адамды құрады, соның ішінде қалалықтар – 10452,3 мың (57,4%), ауылдықтар – 7743,6 мың адамды (42,6%) құрады. 2017 ж. 1 қарашадағы салыстырғанда халық саны 240,3 мың адамға немесе 1,3% өсті. Халықтың басым көпшілігінің қалалық жерлерге қоныстану себебі: қазіргі таңда ауылдық жерлерде жұмыс көзінің тапшылығы және ауылдық жерлердің жеткілікті дәрежеде дамымауы. Тұрғындар саны жөнінен үлесі көп аймақтар: Оңтүстік Қазақстан облысы (2938,1 мың адам), Алматы (2020,8 мың адам), керісінше Солтүстік Қазақстан облысы (558,0 мың адам), Атырау (622,7 мың адам) халық аз қоныстанған. Халықтың мұндай әркелкі қоныстануы әр аймақтың экономикалық даму деңгейлерімен және географиялық, климаттық жағдайларына тікелей байланысты. Республиканың халқы ең тығыз орналасқан облыс Оңтүстік Қазақстан (9) болса, Солтүстік Қазақстан (7,2) экономикалық ауданда халық орташа, ал Батыс Қазақстан аймағында, сондай-ақ Орталық (3,6) және Шығыс Қазақстанда (4,9) да халықтың тығыздығы төмен көрсеткішке ие [2].



1-сурет. 2015-2017 жж. Қазақстан Республикасы экономикалық аудандарының халық саны (мың адам)*

*ҚР ЕХӘҚМ мәліметі негізінде автормен жасалған

Жоғарыдағы суретке талдау жасайтын болсақ, халқы ең көп аймақ Оңтүстік Қазақстан болып отыр, осы экономикалық ауданда республика халқының едәуір бөлігі (47,4% 8561,9 мың адам) өмір сүруде. Облыста 2015 ж. – 8367,1 мың адам мекен етсе, 2016 ж. көрсеткіш бойынша 1,6%-ға өсіп, халық саны 8501,8 мың адамға жеткен. Ал 2017 ж. 2016 ж. салыстырғанда адам саны 0,7%-ға көбейіп, 8561,9 мың тұрғынға жеткен.

Халық көп қоныстанған екінші экономикалық аудан – Солтүстік Қазақстан. Бұл аймақты 2015 ж. 3829 мың адам мекен етсе, 2016 ж. қоныстанушылар саны 2%-ға көбейген, 2017 ж. Солтүстік Қазақстан экономикалық ауданында халық саны 1,3%-ға, яғни 3956,8 мың адамдық көрсеткішті иеленді.

Сондай-ақ Батыс Қазақстан экономикалық ауданында да халық саны жылдан жылға көбеюде. Экономикалық ауданның халқы 2015 ж. 2693 мың адам болса, 2016 ж. 1,6%-ға көбейіп, 2737,5 мың адамды, ал 2017 ж. 2016 ж. салыстырғанда 0,7%-ға көбейіп, 2757,2 мың адамға жеткен.

Шығыс Қазақстан экономикалық ауданын халық аз қоныстанған аймаққа жатқызуға болады. Бұл экономикалық ауданда

соңғы жылдары халық саны бірде азайса, бірде көбейіп отыр. Егер 2015 ж. аймақта 1395,3 мың адам тұрса, 2016 ж. бұл көрсеткіш небары 0,07%-ға көбейіп, халық саны 1396,3 мың адамды құраған болса, 2017 ж. халық санында күрт төмендеу үрдісі байқалып, 2016 ж. салыстырғанда 0,7%-ға азайған, яғни 1386,7 мың адам.

Сондай-ақ халық аз қоныстанған экономикалық аудан болып саналатын Орталық Қазақстан аймағында 2016 ж. 2015 ж. салыстырғанда халық саны 0,2%-ға төмендесе, 2017 ж. 2016 ж. салыстырғанда бұл көрсеткіш 0,09%-ға төмендегені байқалады.

ҚР еңбек нарығында әлемдік еңбек нарығына тән қайшылықтармен қатар біздің нарыққа ғана тән мәселелер де орын алғандығын айта кету керек. Бұл мәселелер:

- өмір сүру мен еңбек тиімділігі деңгейінің төмен жағдайында орын алған еңбек белсенділігі деңгейінің жоғары болуымен;
- мамандардың аумақтық – сала жағынан алғандағы жинақылығының жеткіліксіздігімен;
- нарық жағдайына сәйкес келмейтін мамандарды дайындау және қайта дайындау жүйесінің орын алуымен;

– еңбек нарығының инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуымен байланысты туған еді [3].

Елімізде 2018 ж. қаңтарда жұмыссыздар саны бағалау бойынша 440,3 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі жұмыс күші санына 4,9% құрады. Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелгендер саны 2018 ж. қаңтардың соңына 92,6 мың адамды құрады немесе жұмыс күшіне 1%.

Жұмыссыздық деңгейі жоғары аймақтарға Оңтүстік Қазақстан облысы мен Алматы қаласы (5,3%) жатады, жұмыссыздық деңгейі ең төмен аймақ – елордамыз Астана қаласы (4,6%). Астанада жұмыссыздық деңгейінің төмен болуы ҚР Үкіметінің елорданы дамытуы және жергілікті атқарушы органдардың тиімді қызмет етуімен, бастысы көптеген жұмыс орындарының ашылуымен түсіндіріледі, ОҚО-да жаңа жұмыс көздерінің ашылмауы, мемлекеттік және жергілікті жерлерде қабылданған бағдарламалардың толыққанды жүзеге асырылмауы жұмыссыздық деңгейінің жоғарылауына әкеліп отыр.

Жұмыспен қамтылған халықтың неғұрлым әлсіз санаты өз бетімен жұмыспен қамтылған азаматтар болып табылады, 2017 ж. өз бетімен жұмыспен қамтылған халықтың ең жоғары үлес салмағы елдің оңтүстік аймақтарында, яғни Оңтүстік Қазақстан (23%), Алматы (12,7%) және Шығыс Қазақстан (9,7%) облыстарында байқалуда.

Мәліметтерге сәйкес 2017 ж. жұмысқа қабілетті адамдар саны 9027,4 адамды құрады, бұл 2015 ж. салыстырғанда 0,5%-ға артқан. Соның ішінде жұмыссыздық деңгейі 5,3%-дан 4,9%-ға дейін төмендеген. Яғни жыл сайын жұмыссыздық деңгейі төмендеп келетінін байқаймыз. Сонымен, Қазақстан Республикасында соңғы жылдары жұмыссыздық деңгейі азайып, жұмыс орындары көптеп ашылып жатыр, оның басты себебі еліміздегі шағын және орта бизнестің дамуымен, отандық өндіріс орындарының қайтадан жұмыс істей бастауымен түсіндіріледі [4].

Тұрақты және өзгермелі детерминанттардың ерекшеліктерін қарастыра келе:

1) тұрақты сұранысы бар мамандықтар бойынша еңбек нарығындағы өзгерісті күні бұрын білуге болатындықтан, жұмыс берушілердің, кадрлар дайындайтын қызметкерлер мен ұйымдардың жинақтылығы мен мамандар дайындау бағытына қатты талап қоймайтындығын;

2) сұранысы өзгермелі мамандықтардың әсерінен жеткілікті деңгейде үлкен сұранымдар, пакеттер қалыптасады да, жұмыс берушілердің, кадрлар дайындайтын қызметкерлер мен ұйымдардың жинақтылығы мен бағытын жылдам өзгертуіне қатты талап қоятындығын көруге болады [5].

Жастар арасындағы жұмыссыздық айрықша алаңдаушылық туғызады. Сондықтан мемлекет жұмыспен қамту саласында түрлі шешімдер қабылдау және әр түрлі заңдар әзірлеу арқылы әлеуметтік-экономикалық және демографиялық саясатты жүргізе отырып, тиімді түрде еңбек ресурстарын басқаруға тырысуда.

Мәліметтерге сәйкес 2017 ж. жұмысқа қабілетті жастар (15-28 жас аралығында) 2141,0 адамды құрады, бұл 2015 ж. салыстырғанда – 10%-ға азайған. Соның ішінде жастар жұмыссыздығының деңгейі 3,9% азайған. Яғни жастардың жұмыссыздық деңгейі жыл сайын төмендеп келетінін байқаймыз. Оған бір себеп, мемлекет тарапынан техникалық мамандықтарға бөлінетін гранттардың жедел өскендігі және техникалық мамандарға сұраныстың жоғарылауы деп пайымдаймыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 ж. 31 наурыздағы №162 қаулысымен бекітілген Жұмыспен қамту 2020 жол картасы қабылданды. Бұл бағдарламаның мақсаты – халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру, халықтың әл-ауқатын арттыруға жәрдемдесу, жұмыссыздықты қысқарту. Бағдарламада өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыз және халықтың нысаналы топтарына кіретін адамдарды жұмыспен қамтуға

жәрдемдесудің белсенді шараларына тарту, кадрлық әлеуетті, оның ішінде Қазақстан Республикасын индустриалды-инновациялық дамыту жөніндегі 2015-2019 жж. арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін кадрлық әлеуетті дамыту, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру көзделеді.

2017 ж. 5 сәуірдегі жағдай бойынша бағдарламаға 80 мың адам қатысты, оның ішінде 75 мың (94%) жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 5 мың (6%). Бағдарламаны жүзеге асыру аясында 48 мыңнан астам адам жұмысқа орналастырылған. Тағы 31 мың адам жұмыспен қамту орталықтары арқылы жұмыс берушілермен бос жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылды. 2017 ж. 21 мыңнан астам жас қазақстандық техникалық және кәсіптік біліммен қамтылған. Бұл орайда мемлекет олардың оқу ақысын төлеп, білім алушыларға шәкіртақы төлеп, жол ақысы мен тұрғылықты жерлерінің ақысын өтейді, сонымен қатар бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етеді. Оқыту электр-газ дәнекерлеуші, аспаз, жөндеуші слесарь, электр монтері, мал дәрігері, есепші, электрик, монтажшы, тігінші, т.б. мамандықтар бойынша жүргізілді. Сондай-ақ 2017 ж. сәуірінен бастап колледждердің, «Атамекен» ҰКП оқу орталықтарының, кәсіпорындардың оқу орталықтарының қысқа мерзімді курстарында 650 адам оқып жатыр.

Еліміздің 5 аймағында пилоттық режимде мобильді оқу орталықтары арқылы қысқа мерзімді кәсіптік оқыту апробацияланады. Оқытумен 26 мың қазақстандықты қамту көзделіп отыр. Бағдарламаның бірінші бағытын жүзеге асыру үшін 11,6 млрд теңге бөлінді.

Бағдарламаға қатысушылар үшін қалаларда несиелер «Даму» қоры арқылы, ал ауылдар мен шағын қалаларда Ауыл шаруашылығын қолдау қоры мен Аграрлық несиелер

корпорациясы арқылы беріледі. Берілетін несиелер сомасы 5 жыл мерзімге дейін (мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы кооперативтері – 7 жылға дейін) және жылдық мөлшерлемесі 6%-ға дейін 8 мың АЕК (18 млн теңгеге дейін) арттырылады. Сонымен қатар несиелердің қолжетімділігін арттыру мақсатында заңды тұлғалардың оны алу үшін тапсыратын құжаттары 30-дан 14-ке дейін, заңды тұлғалар үшін 9 құжатқа дейін қысқартылды.

Бағдарламаның екінші бағытын жүзеге асыру үшін 2017 ж. 38,5 млрд теңге қарастырылған. 2017 ж. 1 сәуіріндегі жағдай бойынша 5,8 мың шағын несиелер беріп, кәсіпкерлік негіздеріне 15 мың адам оқытылған.

Үшінші бағыт аясында әлеуметтік жұмыс орындарына 11,3 мың адамды орналастыру, жастар іс-тәжірибесіне 12,7 мың түлек, қоғамдық жұмыстарға 76,2 мың адам тартылады. 2,8 мың адамның көші-қонына субсидия төлеу қарастырылған. Бағдарламаның үшінші бағытын жүзеге асыруға 9 млрд теңге бөлінген.

2017 ж. басынан бері әлеуметтік жұмыс орындарына 12,4 мың адам орналастырылды, 28,1 мыңнан астам қазақстандық қоғамдық жұмыстарға жіберілді, 7,6 мың жас маман жастар іс-тәжірибесінде. Жалпы, бағдарламаны жүзеге асыруға 2017 ж. 85,3 млрд теңге қарастырылған [24].

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жж. арналған бағдарламасын іске асыру келесідей бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

- бағдарламаға қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз ету;
- жаппай кәсіпкерлікті дамыту;
- халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту [6].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. http://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/ (өтініш берген күні: 25.03.2019).

2. «Қазақстан Республикасын индустриялды-инновациялық дамытудың 2015-2019 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 ж. 1 тамыздағы №874 Жарлығы. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31588425_ (өтініш берген күні: 25.03.2019).

3. Kurmanov N., Tolysbayev B., Aibossynova D, Parmanov N. Innovative activity of small and medium-sized enterprises in Kazakhstan and factors of its development / *Економічний часопис-XXI*. – 2016. – N158. – P. 57-61.

4. Макашева А.К. ЭКСПО 2017: Новые возможности инновационного развития Казахстана // *Вестник КазУЭФМТ*. – 2018. – №2.

Аннотация

В современных условиях рыночных отношений в Казахстане здоровье каждого человека, как составной части здоровья населения, становится фактором, определяющим не только полноценную оценку его жизнедеятельности, но и потенциал его возможностей. Уровень состояния здоровья населения, в свою очередь, определяет критерии социально-экономического, культурного и индустриального развития страны.

Особую озабоченность вызывает безработица среди молодежи. Поэтому государство стремится эффективно управлять трудовыми ресурсами, проводя социально-экономическую и демографическую политику посредством принятия различных решений и разработки различных законов в сфере занятости. Результаты исследования свидетельствуют о необходимости социальной защиты населения и регулирования рынка труда в Казахстане.

Annotation

In modern conditions of market relations in Kazakhstan health of each person as an integral part of health of the population, becomes the factor determining not only a full assessment of its activity, but also potential of its opportunities. The level of health of the population, in turn, determines the criteria of socio-economic, cultural and industrial development of the country.

Youth unemployment is of particular concern. Therefore, the state seeks to effectively manage the labor resources, pursuing socio-economic and demographic policies through various decisions and the development of various laws in the field of employment. The results of the study indicate the need for social protection of the population and regulation of the labor market in Kazakhstan.



*Б.Б. Айдарханова, к.э.н., ст. преподаватель
КазУЭФМТ*

АНАЛИЗ МАКРОЭКОНОМИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ СТРАН ЕВРАЗИЙСКОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОЮЗА

В данной статье рассматриваются этапы экономической интеграции стран Евразийского экономического союза. Представлен макроэкономический анализ динамики развития стран-членов ЕАЭС, анализ текущего состояния экономики, влияние на экономические процессы внешних и внутренних факторов. В частности, автором проведен анализ основных макроэкономических показателей стран ЕАЭС, таких как ВВП, темпы экономического роста, структура ВВП ЕАЭС, платежный баланс, ВВП на душу населения и другие экономические показатели. Кроме того, рассмотрены основные ориентиры макроэкономической политики, направленные на дальнейшее повышение экономической устойчивости Евразийского экономического союза, а также меры, направленные на стабилизацию экономической ситуации и смягчение воздействия неблагоприятных внешних факторов на экономики государств – членов ЕАЭС.

Ключевые слова: *Евразийский экономический союз (ЕАЭС), Валовой внутренний продукт (ВВП), темпы роста ВВП, структура ВВП, экономический рост, международная интеграция, конкурентоспособность стран ЕАЭС.*

Кілт сөздер: *Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО), Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), ЖІӨ өсу қарқыны, ЖІӨ құрылымы, экономикалық өсу, халықаралық интеграция, ЕАЭО елдерінің бәсекеге қабілеттілігі.*

Keywords: *Eurasian Economic Union (EAEU), Gross domestic product, GDP growth rates, GDP structure, economic growth, international integration, competitiveness of the EAEU countries.*

Евразийский экономический союз (далее – ЕАЭС) является крупнейшей международной региональной экономической интеграцией стран на постсоветском пространстве. В ЕАЭС обеспечивается свобода движения товаров, а также услуг, капитала и рабочей силы, и проведение скоординированной, согласованной или единой политики в отраслях экономики.

Интеграционные процессы стран ЕАЭС включали в себя несколько основных этапов развития. В 2010-2014 гг. государствами – членами Союза был принят комплекс интеграционных мер, направленных на реализацию их внешнеторгового потенциала. В 2015-2017 гг. был обозначен курс на развитие внешнеторговых отношений ЕАЭС с третьими странами.

Экономическая динамика развития ЕАЭС была связана, как с внутренними структурными факторами, так и с внешней конъюнктурой на сырьевых рынках. Экспортно-сырьевая модель крупнейших экономик государств – членов Союза (Российской Федерации и Республики Казахстан), на долю которых приходится около 95,5% ВВП ЕАЭС, обуславливает основной тренд развития Союза и механизм трансляции внешних сырьевых шоков на интеграционное объединение в целом.

Как показано на рисунке, экономическое развитие стран ЕАЭС характеризовалась устойчивым ростом ВВП в течение 2010-2013 гг. и снижением темпов экономического роста в последующий период 2014-2016 гг., что было связано в основном

Қазақстан дамуының макроэкономикалық аспектілері /

с неблагоприятной ценовой конъюнктурой на основные экспортные товары (Рис.). В 2017 г. в странах ЕАЭС происходило вос-

становление экономического роста после последствий кризиса 2014 г.




Рисунок. Динамика ВВП ЕАЭС за 2005-2017 гг. (млн долл. США)*

*Источник данных: Департамент статистики Евразийской экономической комиссии

Активная фаза развития интеграционных процессов в рамках ЕАЭС началась на фоне замедления роста экономик государств-членов – годовые темпы роста ВВП ЕАЭС уменьшились с 132,1% в 2011 г. до 104,8% в 2013 г. В конце 2014 г. – 2015 г. резкое изменение макроэкономической конъюнктуры привело к замедлению темпов роста экономики ЕАЭС и как результат – к более скромным итогам. В 2016 г., произошло замедление темпов сокращения ВВП ЕАЭС, что является позитивным сиг-

налом к восстановлению объемов ВВП в последующий период.

Сумма валового внутреннего продукта стран ЕАЭС за рассматриваемый период увеличилась с 1 744 млрд долл. в 2010 г. до 1 815 млрд долл. в 2017 г. (Табл. 1).

По данным 2017 г. наибольшую долю в структуре ВВП занимает Российская Федерация – 87%, другие страны, соответственно: Казахстан – 9, Беларусь – 3, Армения – 0,6, Кыргызстан – 0,4%.

Таблица 1

Валовой внутренний продукт стран ЕАЭС за 2010-2017 гг.
(в текущих ценах; млн долл США)*

Страны	2010	2011	2013	2014	2015	2016	2017	Доля в структуре ВВП, %
ЕАЭС	1 744 362	2 323 683	2 628 213	2 404 881	1 626 884	1 487 769	1 815 587	100
Армения	9 260	10 142	11 121	11 610	10 553	10 546	11 537	0,6
Беларусь	56 941	60 795	74 761	78 536	55 317	47 479	54 697	3
Казахстан	148 052	192 628	236 633	221 418	184 387	137 278	162 887	9
Кыргызстан	4 795	6 198	7 335	7 469	6 678	6 813	7 703	0,4
Россия	1 525 314	2 053 920	2 298 363	2 085 848	1 369 949	1 285 653	1 578 764	87

*Источник данных: Департамент статистики Евразийской экономической комиссии

/ Макроэкономические аспекты развития Казахстана

Особенностью экономического развития ЕАЭС в 2010-2016 гг. являлась неравномерность темпов роста экономик государств-членов, что, тем не менее, положительным образом повлияло на структуру

ВВП ЕАЭС по государствам-членам. В частности, в структуре ВВП снизилась доля Республики Беларусь и Российской Федерации, при этом, выросла доля ВВП остальных государств-членов в ЕАЭС (Табл. 2).

Таблица 2

Структура ВВП ЕАЭС по государствам-членам (в текущих ценах в долл. США)*

Страны	2010 г.	2016 г.	Изменения
Республика Армения	0,53%	0,71%	0,18%
Республика Беларусь	3,26%	3,18%	-0,09%
Республика Казахстан	8,49%	9,09%	0,60%
Кыргызская Республика	0,27%	0,44%	0,17%
Российская Федерация	87,44%	86,59%	-0,86%
ЕАЭС	100%	100%	—

**Источник данных: Департамент статистики Евразийской экономической комиссии [1]*

Характерной особенностью периода 2010-2014 гг. было выравнивание уровня экономического развития между государствами-членами. Так, разница между наибольшим и наименьшим показателем ВВП на душу населения по государствам-членам сократилась с 12,1 раз в 2011 г. до 7,4 раз в 2016 г. (Табл. 3).

В 2017 г. на фоне изменения макроэкономической конъюнктуры внешних рынков динамика изменилась на противоположную: разрыв между наибольшим и наименьшим показателем ВВП на душу населения по государствам-членам вырос до 8,3 раз.

Таблица 3

Валовой внутренний продукт на душу населения в странах ЕАЭС, (долл. США)*

Страны	2010 г.	2011 г.	2012 г.	2013 г.	2014 г.	2015 г.	2016 г.	2017 г.
ЕАЭС	9 847	12 977	13 951	14 703	13 235	8 945	8 139	9 884
Армения	3 041	3 350	3 512	3 680	3 852	3 512	3 524	3 872
Беларусь	6 000	6 418	6 913	7 898	8 289	5 829	4 997	5 759
Казахстан	9 071	11 634	12 387	13 891	12 807	10 510	7 715	9 030
Кыргызстан	920	1 183	1 233	1 342	1 331	1 163	1 179	1 296
Россия	10 678	14 368	15 320	16 016	14 278	9 389	8 779	10 745

**Источник данных: Департамент статистики Евразийской экономической комиссии*

В 2017 г. в странах ЕАЭС произошло восстановление экономической активности после последствий кризиса 2014 г., что показывает динамика макроэкономических показателей по странам, представленных в таблице 4.

Так, по итогам 2017 г. наиболее высокие темпы роста продемонстрировали Казахстан, Армения и Кыргызстан – 4,1, 7,5 и 4,7%, соответственно. Вместе с тем, приросты ВВП в Беларуси и России относительно других государств – членов ЕАЭС,

Қазақстан дамуының макроэкономикалық аспектілері /

остаются невысокими 2,5 и 1,6%. При этом Армения и Беларусь достигли максимальных темпов экономического роста с 2013 г., а Казахстан и Кыргызстан растут более вы-

сокими темпами по сравнению с 2015-2016 гг., однако все еще ниже докризисных темпов экономического роста.

Таблица 4

Сравнение макроэкономических показателей государств – членов ЕАЭС за 2015-2017 гг.*

Показатель	Государство – член ЕАЭС	Единица измерения	2015 г.	2016 г.	2017 г.
Темпы роста валового внутреннего продукта	Армения	проценты к предыдущему периоду	3,2	0,2	7,5
	Беларусь		-3,8	-2,5	2,5
	Казахстан		1,2	1,1	4,1
	Кыргызстан		3,9	4,3	4,7
	Россия		-2,5	-0,3	1,6
Сальдо счета текущих операций платежного баланса	Армения	млн долл. США	-272	-238	-328
	Беларусь		-1 831	-1 669	-931
	Казахстан		-5 135	-8 874	-5 353
	Кыргызстан		-1 059	-792	-306
	Россия		67 777	24 517	35 436
	Армения	проценты к ВВП	-2,6	-2,3	-2,8
	Беларусь		-3,2	-3,5	-1,7
	Казахстан		-2,8	-6,4	-3,3
	Кыргызстан		-11,1	-11,5	-4,1
	Россия		4,9	1,9	2,2

*Источник данных: Департамент статистики Евразийской экономической комиссии

Основными источниками роста экономик государств – членов ЕАЭС являются промышленность, сельское хозяйство, торговля, в некоторых странах строительство.

Во внешнем секторе в 2017 г. улучшение состояния сальдо счета текущих операций наблюдалось почти во всех государствах-членах ЕАЭС. Однако положительным сальдо счета текущих операций было по-прежнему только в Российской Федерации.

Положительной динамике внешней торговли способствовало более благоприятная ценовая конъюнктура на внешних рынках, увеличение экономической активности и спроса в странах ЕАЭС и других странах торговых партнерах.

В 2018 г. экономики государств – членов ЕАЭС продолжается умеренный рост на фоне благоприятной внешнеэкономической конъюнктуры. Вместе с тем экономический рост несколько замедлился по

мере прохождения фазы восстановления. За январь-сентябрь 2018 г. по сравнению с аналогичным периодом 2017 г. реальный ВВП ЕАЭС увеличился на 1,9% и по итогам 2018 г. составил околооколо 2%.

По итогам января-сентября 2018 г. наиболее высокие темпы прироста продемонстрировали Армения, Беларусь и Казахстан – 6,0, 3,7 и 4,1%, соответственно. Темпы прироста ВВП в России и Кыргызстане относительно других государств – членов ЕАЭС остаются невысокими: 1,6 и 1,2%.

В целом, как показывает выше приведенный макроэкономический анализ, наблюдается положительная динамика развития ЕАЭС, как международного интеграционного объединения.

В целях дальнейшего повышения экономической устойчивости Евразийской экономической комиссией были разработаны и утверждены «Основные ориентиры мак-

роэкономической политики государств-членов ЕАЭС на 2017-2018 годы» [2].

В данном документе были разработаны совместные кратко- и среднесрочные интеграционные меры, а также национальные меры, направленные на улучшение макроэкономической ситуации и создание условий для устойчивого развития и восстановления экономического роста.

Основные ориентиры макроэкономической политики были разработаны с учетом необходимости адаптации экономик государств-членов к внешним условиям и преодоления негативных последствий воздействия внешних шоков, связанных со снижением цен на основные экспортируемые товары и ухудшением экономической ситуации в мировой экономике и странах – основных торговых партнерах.

Реализуемые меры направлены на стабилизацию экономической ситуации и смягчение воздействия неблагоприятных внешних факторов на экономики государств-членов, в частности:

- улучшение макроэкономической ситуации;
- стимулирование корпоративного сектора экономик государств-членов к увеличению объемов инвестиций в основной капитал;
- увеличение добавленной стоимости в странах ЕАЭС;
- развитие несырьевого экспорта.

Для обеспечения выполнения поставленных целей и задач, был утвержден «Перечень мероприятий по реализации основных ориентиров макроэкономической политики государств – членов ЕАЭС на 2017-2018 годы» [3].

Основные направления экономического развития ЕАЭС – стратегический документ, в котором определены направления экономического развития государств-членов в рамках ЕАЭС, основанные на имеющихся ресурсах и объективных возможностях их совместного эффективного использования [4].

Для достижения цели экономического развития ЕАЭС – обеспечить качество и устойчивость экономического роста государств-членов в результате интеграции – поставлен ряд задач [5]:

- содействовать достижению национальных долгосрочных и среднесрочных целей по повышению устойчивости и конкурентоспособности экономик государств-членов;
- сформировать дополнительные источники экономического развития на основе реализации конкурентных преимуществ государств-членов и ЕАЭС в целом;
- повысить взаимную открытость и значимость экономик государств-членов посредством устранения барьеров, минимизации ограничений и изъятий для свободного движения товаров, услуг, капитала и рабочей силы;
- содействовать усилению позиций государств-членов на рынке третьих стран и в международных организациях [6].

В рамках инициатив, предложенных в докладе «Об интеграционных мерах по повышению устойчивости экономик государств – членов ЕАЭС», были реализованы интеграционные меры по повышению устойчивости экономик в контексте реализации Основных направлений экономического развития ЕАЭС до 2030 г.

ЛИТЕРАТУРА

1. Департамент статистики Евразийской экономической комиссии.
2. «Основные ориентиры макроэкономической политики государств – членов ЕАЭС на 2017-2018 годы». – Евразийская экономическая комиссия. Решение Высшего Евразийского экономического совета №7 от 14.04.2017. <http://www.eurasiancommission.org>

Қазақстан дамуының макроэкономикалық аспектілері /

3. «Перечень мероприятий по реализации основных ориентиров макроэкономической политики государств – членов ЕАЭС на 2017-2018 годы». – Решение Высшего Евразийского экономического совета № 32 от 15.09.2017.
4. Rakhimbekova A.E. Integration processes in the EAEU / Вестник КазУЭФМТ. – 2018. – №2.
5. «Основные ориентиры макроэкономической политики государств – членов ЕАЭС на 2018-2019 годы». – Решение Высшего Евразийского экономического совета №11 от 14.05.2018. <http://www.eurasiancommission.org>
6. «Основные направления экономического развития ЕАЭС до 2030 года». – Решение Высшего Евразийского экономического совета №28 от 16.10.2015.

Аңдатпа

Only the interaction of science, education and production provide the largest utility in the formation of competitive state and achieving the scientific progress. This helps to overcome the imbalance between the demand for skilled labor and its supply; to resolve some differences in the qualified personnel training in the universities and the demand at the labor market; to overcome the problem of the lack of practical training programs for students in the universities in accordance to the requirements of organizations and enterprises when they are employed.

Analyze the role of higher education in modern society.

First, the system of higher education influences greatly the creation and continuously restoring the scientific potential of the society, as it is in higher education institutions that the accumulated scientific knowledge is transferred from generation to generation.

Fundamentals of scientific knowledge are formed in the system of higher education. The value of scientific activity and education of scientific personnel is cultivated in the universities. Artificial intellectual potential of the country is formed not only by creation the system of continuous education, but also provides basic knowledge, preservation of national traditions in the academic training system, a common cultural competence, training civic and moral maturity. Moreover, modern society increases the importance of research activities and the role of higher education in a combination of fundamental theories and innovation based on new scientific and methodological developments.

At every stage of its development, science uses actual material, methods of research, theories, hypotheses, laws, scientific concepts of previous epochs, and their content is their continuation. Therefore, each definite historical period of development of science depends not only on the level of development of production and social conditions, but also on the accumulated previously stock of scientific truths, developed a system of concepts and representations that summarize previous experience and knowledge in the form

of scientific potential of society.

Second, higher education is involved in the reproduction of the relations of production and productive forces, contributes to the expanded reproduction of continuous renewal and socio-economic process. It changes and qualitatively transforms objects of labor, technology and organization of production, creates the theoretical basis for the transformation of industrial relations [12], that is, it participates in their reproduction. Means of production and people with certain work experience and skills lead these means of production into action, forming social productive forces. A person with the intelligence, psychophysiological qualities, professional knowledge and skills, experience, attitude to work, value orientations is the main productive force of society.

Education, science and culture are new productive forces involving in the production. Consequently, higher education involved in the reproduction of the productive forces.

Third, knowledge society intellectual capital is of paramount importance that is most effectively formed within the higher education system, which provides the necessary socialization of the individual. Education is the most important prerequisite for initiative, social activity, that is, the ability of an individual to navigate in various spheres of modern society. Become educated man, highly skilled, active participant in cultural, political, scientific or business life of modern society is possible only after passing a course in high school. To transfer the achievements of modern society to the next generation without specialized formal education is impossible. Hence, higher education is important for an individual, no less than for a society, and this idea has many supporters. E. Podolskaya insists that the role of formation of a highly educated and cultural person belongs to education [5].

In modern society, education carries out the functions of preparing and incorporating an individual into various spheres of society's life, involving him in the culture of a particular social system, and determining the initial social status. The unique role of higher education as an institution of socialization is to attract the young people into an envi-

ronment is filled with the spirit of rivalry in acquiring professional knowledge, prestigious and profitable work, and high social status. It cultivated some certain values: knowledge, education, intellectual ability, education, involvement in the cultural life of the city or region, the prestige of the profession.

Fourth, modern society is socially mobile, and its social structure and its components are in constant motion and development. It is interested in the fact that its members are educated and proactive and adaptable, to satisfy their needs for self-determination, looking for their own place in the social space.

That higher education is a factor of social mobility and career development specialists. Realizing its social function, it instills a desire for knowledge, directs young people to master skills, and promotes aspirations associated with the desire to achieve success in life and the corresponding social status.

Thus, higher education is not only one of the factors of social mobility of a person, but also the basic condition of any activity of a modern person, both socially significant, and personally oriented. Education received and produced in the process of obtaining its manners and lifestyles, as well as professional status and associated material reward gives the individual the grounds to claim a higher social position and prestige.

Fifthly, higher education is an integral part of social development as it takes part in the economic, social, political and spiritual processes that take place in society. Education is one of the social institutions that satisfies the society's need for the reproduction, accumulation and transfer of knowledge, skills and abilities for young and younger generations in time. The significance of this feature is extremely increased education in modern society in terms of permanent social transformation, as it aims to provide training subjects of social action to address global challenges facing humanity.

Education as the most important precondition for social, cultural and spiritual potential, because only through strengthen the educational potential of the country can provide its own sove-

reignty and achieve national unity.

All historical social changes in society have always been with the participation of higher education, and therefore, it is a powerful factor in the development of the spiritual culture of the people. Moreover, analysis of social dynamics of over thirty developed countries showed that education positively associated with several social consequences, such as improving health, reducing crime and enhancing civic engagement. [5]. Among citizens with higher education much more of that happy life, even after accounting for age, gender and income disparities.

Sixth, higher education greatly influences the economic development of society. Society's ability to create and use knowledge effectively is crucial for sustainable economic growth. Nikolayenko S.M. believes that higher education contributes to the development of national economy and determines the standard of living in the country and its competitiveness in the world [6].

Education is an important component of the sustainable economic growth for any country, as the quality of education affects the country's professional and intellectual potential, which is essential for the implementation of the economic development strategy. The mutual influence of higher education and economics is continuously increasing, which leads to the formation of a fundamentally new quality of their relationship.

Thus, the importance of knowledge has increased significantly as one of the key factors for economic development and higher education giving the vectors of innovation development, preparing people for the future economy, creates labor. It serves as a universal means of solving many problems of a man and society. It affects on the recovery potential scientific society, involved in social reproduction, the socialization of the individual, encourage economic and social development of society and promotes social mobility. Understanding all the above is allow to define the vectors of national higher education system, because the future of any society is determined by the strategy and tactics of the education policy as to the extent to which education forms the man it shapes society.

REFERENCES

1. Гуткевич С.О., Оніщенко І.Г. Світовий освітній простір: тенденції та перспективи розвитку в умовах глобалізації: Монографія / С.О. Гуткевич, І.Г. Оніщенко. – К.: НТУУ «КПІ», 2014. – 205 с.
2. Гуткевич С.О. Сучасна парадигма якості: Монографія / С.О. Гуткевич, Л.А. Пунчак, О.М. Язвінська. – К.: НТУУ «КПІ», 2015. – 252 с.
3. Дмитриченко М.Ф. Вища освіта і Болонський процес: Навч. посіб. для студ. Вищ. Навч. закл. / М.Ф. Дмитриченко, Б.І. Хорошун, О.М. Язвінська, В.Д. Данчук. – К.: Знання України, 2006. – 440 с.
4. Карпенко М.М. Модернізація вищої освіти як чинник розбудови суспільства знань в Україні / М.М. Карпенко // Стратегічні пріоритети. – 2006. – №1. – С. 57-63. http://www.niss.gov.ua/Strateg_pr/1/2-2.pdf.
5. Кратт О.А. Адаптація потенціалу вищого навчального закладу до умов бізнес-середовища / О.А. Кратт, М.В. Артюхіна // Вісник Донбаської державної машинобудівної академії зб. наук. праць. – Краматорськ: ДДМА, 2009. – Вип. 3(17). – С. 127-132.
6. Ніколаєнко С.М. Вища освіта – джерело соціально-економічного і культурного розвитку суспільства / Ніколаєнко С.М. – К.: Знання, 2005. – 319 с.
7. Оболенська Т.Є. Диверсифікація джерел фінансування в системі вищої освіти: глобальні тенденції / Т.Є. Оболенська // Національна економіка: методи, моделі, механізми. – 2009. – №3. – С. 171-194.
8. Управління якістю освітніх послуг: Монографія / В.Н. Парсяк, І.Л. Дибач, К.В. Парсяк; за ред. В.Н. Парсяк. – Миколаїв: видавець Торубара В.В., 2014. – 296 с.

Аңдатпа

Мақалада Украинадағы жоғары оқу орындарын III-IV деңгейдегі аккредитациялаудың ролі және қазіргі қоғамдағы жоғары білім жүйесі талданады. Оны дамытудың стратегиялық басымдықтары мен тактикалық мақсаттары көрсетілген. Жеке тұлғаға қоятын қоғам талаптары мен оның білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қазіргі заманғы және перспективалық талаптар зерттелді. Көптеген әлеуметтік мәселелерді шешуде жоғары білімнің маңызы анықталды. Тек ғылым, білім және өндірістің өзара әрекеті ғана бәсекеге қабілетті мемлекеттің қалыптасуына және ғылыми жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Аннотация

В статье проанализирована роль высших учебных заведений III-IV уровней аккредитации Украины и системы высшего образования в современном обществе. Выявлены стратегические приоритеты и тактические задачи его развития. Исследованы современные и перспективные требования общества к личности и удовлетворения ее образовательных потребностей. Определено значение высшего образования в решении многих социальных проблем. Только взаимодействие науки, образования и производства обеспечивает наибольшую эффективность в формировании конкурентоспособного государства и достижении научного прогресса.



ӘОЖ: 364:304:316(574)

ҒТАМР: 14.07.07

А.Б. Валиева, магистр, аға оқытушы
ҚазЭҚХСУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Әлеуметтік жұмыстың әдістерінде мазмұн мен адамдардың экзистенциалдық қажеттіліктері, рухани мәселелерін бағалау, интуитивтік келіс пен қажеттіліктер және қызығушылықтарының мағынасы мен мазмұны аса маңызды. Әлеуметтік жұмыс нәтижелі болу үшін қоғамдық және жеке тұлғалар қызығушылықтарының тиімді бірлестігін қалыптастыру қажет. Әлеуметтік жұмыс – көп факторлық, көп кезеңдік, көп қабатты өзара әрекеттестік үрдісі. Мақаланың зерттеудегі бағыты: білім берудегі тиімді әдістер, оның түрлері, мазмұны, білім беру жүйесіндегі статусы және қазіргі кездегі әлеуметтік мамандарды даярлаудағы ролі.

Кілт сөздер: әлеуметтік жұмыстың тиімділігі, тұлғалық-гуманистік ыңғай, мамандық, құндылықты бағыттар, әлеуметтік жұмыскерлер дайындау, кәсіптілік.

Ключевые слова: эффективность социальной работы, личностно-гуманистический подход, специальность, ценностные ориентиры, подготовка социальных работников, профессионализм.

Key words: social work efficiency, personal-humanistic approach, specialty, value reference points, modern features of training social workers.

Әлеуметтік жұмыстың тиімділігіне негіз болатын жағдай тұлғалық-гуманистік бағытты сақтау әлеуметтік жұмыскер жұмыс бабының кез келген сатысында, диагностика жасаудан бастап – ақ сол қызмет көрсетіп жатқан объектісіне әлеуметтік болса, яғни рухани, жан дүниесінің дамуына мүмкіндік беру керек. Сондықтан тұлғалық-гуманистік ыңғай неғұрлым шектелсе, солғұрлым нәтиже де шектеулі болады, яғни бір ғана адамның емес бүкіл әлеуметтік ортаның дамуында айтарлықтай оққылықтар болады.

Тәжірибе көрсеткендей әлеуметтік жұмыстың жетістігі осы үрдіске қатысты жақтардың белсенділігіне тікелей тәуелді. Жаңағы әлеуметтік қызмет алушы объект барлық оған айтылған тапсырманы дер кезінде орындаумен шектеліп қалған күнде, ол на-

ғыз әлеуметтілік пен бір тұтас тұлғалықты өз бойынды дамыта алмайды. Мәселелерді шешу барысында белсенді формалар әрекеттерін қолданған жөн. Керісінше жағдайда ол өзін конформист қатарына жатқызып өз өзіне қиындық туғызып алады. Бұл жағдайды әсіресе адамдардың іс әрекетін, ойлауын, сана сезімін басқарып кетіп, антидемократиялық, антигуманистік әлеуметтік демагогияға бұрып кету қауыпы бар кездерде аса ескеру керек [1].

XX ғ. 90 ж. тәжірибелік әлеуметтік жұмыспен оның теориялық-методологиялық негіздерін айқындайтын әр түрлі түсініктемелерді, категорияларды, үрдістер мен технологияларды біріктіру жолында үлкен жұмыс атқарылды. Әрине бұл жұмыстардың құндылығы болып, әлеуметтік жұмыстың

қызмет түрі ретіндегі нақты жұмыс аясы белгіленгені, әлеуметтік жұмыстың теориясымен теориялық әдіснамалық негіздерін құрастыруға мүмкіндік тудырғаны, сонымен қатар жоғары білікті мамандарды даярлау мәселесінің мазмұны мен әдістемелерінің қарастырылуы болады.

Тәжірибелік әлеуметтік жұмысының негізінде адамаралық қатынас жатыр, сол әрекеттегі қатысушылардың субъективті ниеттеріне тәуелсіз, әрдайым әлеуметтік болып қалады. Әлеуметтік жұмыс әлеуметтік қатынас ретінде әрдайым диалогтық мінездемеге ие. Бұл адамаралық қарым қатынас сана сезімдерімен, физикалық, психикалық дамуымен, экзистенциалды қажеттіліктерімен, әлеуметтік статусымен, қызығушылықтарымен өзгешеленеді.

Әлеуметтік жұмыстың объектісі ретінде адам бір мезгілде сол жұмыстың мазмұнын, мақсатын түсінетін және оған қатысатын немесе қатыспайтын субъектте болады.

Әлеуметтік жұмыс үрдістік мінездемеге ие, оның әрбір мақсаты, әдістері, уақытты қажет етеді, сол уақыт ішінде қатысушылардың әлеуметтік білімдерді интернализациялауы пайда болу керек, сондықтан бұл жұмыс келесі кезеңдерді, деңгейлерді, фазаларды, этаптар, жылдамдық, ритм қамтиды.

Әлеуметтік жұмыс көпфакторлық, көпкезеңдік, көпқабатты өз-ара әрекеттестік үрдіс. Бұл үрдісте қоғам, мемлекет, этно-ұлттық, экономикалық, әлеуметтік топтармен таптар белсенді, не енжар қатысады. Осы жағдайға байланысты әлеуметтік жұмыс бақылаушы қызметін атқару роліне ие. Ең маңыздысы әлеуметтік қызмет моральдық тұрғыдан басып, тастауға әкелмей, адамзаттың дамуындағы гуманистік мақсаттарға бағытталуы керек.

Әлеуметтік жұмыстың әдістерінде мазмұн мен адамдардың экзистенциалдық қажеттіліктері және рухани мәселелерін бағалау интуитивтік келіс пен қажеттіліктер мен қызығушылықтарының мағынасы мен мазмұны аса маңызды.

Бұл және басқа да ерекшеліктері әлеуметтік жұмысты ұйымдастыруда оның мазмұнын анықтауда, бағыттарымен принциптерін, құралдарымен әрекет әдістерін анықтауда, көпдеңгейлі диалектикалық келісті қажет етеді. Мұндай келіс әлеуметтік жұмыстағы нақты бір бағыттық парадигманы болдырмауға ықпал етеді, немесе тек қана бір технологиялық әдіспен жұмыс істеуді болдырмайды. Нәтижелі болу үшін әлеуметтік жұмыс қоғамдық және жеке тұлғалар қызығушылықтарының тиімді бірлестігін қалыптастыру қажет, адамның қоғамда мүлдем байқалмай қалуын, немесе бір адамның сол қоғамның барлық игілігін иемденуіне мүмкіндік бермеу. Әлеуметтік жұмыстың субъективті және объективті мақсаттары мен әдістері адамды әлеуметтендіру, қайта әлеуметтендіру мақсатында гуманизм, демократия, әділдік принциптерінің негізінде жүргізілуі керек.

Әлеуметтік жұмыс әлеуметтік гуманитарлық әрекеттің ерекше түрі ретінде ғылымды классикалық ұғынудың шеңберінен шығып кететін, басқаша әрекет түрлерімен, танып білудің басқа әдістерін қажет етеді.

Әлеуметтік жұмыстың құндылығы (кейбір технологиялар, құралдар) ғылыми дәлелдеудің қатаңдығымен емес, керісінше қоғамға, адамға тәжірибелік пайдалылығымен, тиімді әрекеттерге қатысты болуы жиі кездеседі. Мысалы соңғы кездегі елімізде белең алып келе жатқан мұсылмандық көз қарас, яғни барға шүкіршілік ету, тәубәға келу, адамдардың әлеуметтік хал-ахуалына айтарлықтай әсерін тигізіп, олардың қайта әлеуметтелуіне ықпалын тигізетін психотерапия болып табылады [1].

Әлеуметтік жұмыскерлерді дайындаудың қазіргі ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, әлеуметтік жұмыскер кәсібінің және әлеуметтік қызмет жүйесінің дамуы әлеуметтік басқару органдарының және әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері жетекшілерінің алдына халықтың қысым көрсетілген категорияларына көмек көрсетуде қа-

жетті құрылымдық қарқынмен білікті кадрлармен қамтамасыз ету үшін осындай қиын мәселе қойды. Әлеуметтік жұмыскер маманын дайындау және қайта дайындауды кең жүйеде күшейту қажеттілігі объективті болып келеді. Сонымен қатар, әлеуметтік жұмыс курсына жататын пән жүйесіндегі білімді тез жетілдіру кадрларды жүйелі түрде кәсіби қайта дайындау және біліктілігін жоғарылату қажет [2].

Әлеуметтік жұмыстың Қазақстанда дамуы, жинақталған алдын-ала жоспарланған және өзіндік қолданған Ресей мен басқа әлемдегі елдердің тәжірибесімен анықталады. Әлеуметтік жұмыстың әрқилы түрлерінің топтастығы әрқилы елдерде өзінің спецификалық ерекшеліктерімен анықталады

Қазіргі заманғы әлеуметтік жұмыс 3 кезеңнен тұрады (В.Г. Богачарева бойынша):

1) XX ғ. 60 ж.; I кезең – тәжірибенің жинақталуы, іздеу, зерттеу, әлеуметтік-педагогикалық тәжірибе, яғни қызметкерлер дәрежесін реттеу, сыныптан және мектептен тыс жүргізілген жұмыстар қатары қарастырылып, әр түрлі категориялы қызметкерлердің күннен күнге пайда болуы;

2) 70-80 жж.; II кезең – қоғамдық қажеттілік, әлеуметтік тәрбие, қиындықты шешу жаңа кезеңге алып келді. Сол кезден бастап әлемде әр түрлі кешендер жүйесі дами бастады: әлеуметтік-педагогикалық, ағартушылық-мәдени, дене-сауықтырушылық және т.б.;

3) 80 ж. аяғы мен қазіргі заман.

Қазіргі кезде көптеген елдерде әлеуметтік орта үшін мамандарды дайындау жүріп жатыр. Әрине, жаңа білім қызметінің құрылуында елдің тәжірибесі ескеріледі.

Қазіргі уақытта елімізде әлеуметтік жұмыс екі аспектіде қарастырылады:

1) кәсіби қызметтің түрі ретінде;

2) халықты әлеуметтік қорғауды, әлеуметтік басқаруды жүзеге асыратын кешенді әлеуметтік технология ретінде. Ғылыми әдебиеттерде (А.А. Козлов, Е.И. Холостова, П.А. Шептенко, Г.П. Медведева, М.В. Фир-

сов, Р.В. Овчарова, Ф.А. Мустаева, М.В. Шакурова и др.) әлеуметтік жұмыскердің кәсіби қызметінің спецификасы кәсіби білім, дағды, ептілік сияқты өз міндеттерін нәтижелі орындау үшін қажетті кәсіби сапалардың болуын білдіреді деп пайымдайды.

Өзінің функционалдық табиғаты бойынша әлеуметтік жұмыс адам қатынасымен байланысты ең бір көп жоспарлы және қиын кәсіби қызмет түрін көрсетеді. Оның тікелей субъектісі – әлеуметтік жұмыскер – ұйымдастырушылық функциясының барлық әр түрлілігімен, психологиялық қолдаумен қамтамасыз етуді, құқықтық қорғау, мінез-құлықты тәрбиелеу және тағы да басқаларын жүзеге асырады. Бұл маман әлемдік стандарт бойынша мемлекеттің әлеуметтік саясатын әр түрлі деңгейде жүзеге асыра алатын жұмыс атқарады.

Әлеуметтік жұмыс мамандығы бойынша кадрларды дайындау Қазақстанда егемендіктің алғашқы жылдарында қолға алына бастады. Қазірде мемлекетіміздің алдыңғы мақсаттарының бірі – әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы мамандар тапшылығын жою, халықтың көмекке мұқтаж әлеуметтік топтарын мемлекеттік көмек түрлерімен қамсыздандыру, әлеуметтік қолдау және сақтандыру шараларын ұйымдастыру болып табылады.

Әлеуметтік жұмыскердің студенттік кезеңнің педагогикалық процесінде кәсіби – жеке дамуы мен жоғары кәсіби білімнің мақсаты – білім алудың кәсіби деңгейіне сәйкес түрде қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын біліктілікке ие мамандарды оқыту мен қайта дайындау болып табылады. Мұндай білім жоғары кәсіби білім беру мекемелерінде (университет, академия, институт) тағайындалады. Бастапқы немесе орта кәсіби білімге профильді түрде ие тұлғалар жоғары кәсіби білімді қысқартылған, жылдамдатылған бағдарламалар бойынша алуына мүмкіндігі бар. «Әлеуметтік жұмыс» мамандықтарының пән жиынтығына негізделеді. Мұндай тәртіп жиынтықтары басқа

елдермен салыстырғанда бірдей емес. Бірақ, көбінесе студенттер міндетті түрде әлеуметтануды, психологияны, педагогика, құқық, медицинаны үйреніп оқуда.

Маманды дайындаудағы негізгі міндеттер:

- мамандарды әлеуметтік жұмыстарына, кәсіптілігіне қарап таңдап алу;
- құрылымның біртұтас жүйесін таңдап алу, маманның кәсіптілікке деген базалық дайындығын, біліктілігін жоғарылату;
- білім қорытындысы, мазмұны функционалды толық болуы әлеуметтік белсенділікті қамтамасыз ету, кәсіптік жете білушілік, дүниетанымы кең, жауапкершілігі жеткілікті, тәжірибелік іскерлігі басым болуы тиіс;
- мамандарды білім аралық, әдіснамалық, мамандық психо-педагогикалық жағынан дайын болуы;
- ең қажетті кәсіптік өзін-өзі жетілдіру үшін ойлау стилін қалыптастыру қажет;
- маманның басқару сапасын дайындау.

Жоғарғы оқу орындарының алғашқы жаппай тәжірибе нәтижелері әлеуметтік жұмыскерлер мен оқытушыларды тәжірибелік қажеттілікпен қамтамасыз ете алмады. Мұндай жағдайда талапты күшейтіп, жоғарғы оқу орнының тәжірибелік тараптарын қайта қарап, мамандықтардың оқу тәртібін жоспарлап, үлгілерін оқытушыларға ұқсас етіп қойды. Теориялық және тәжірибелік арақатынас мұғалімдер даярлығынан қатты ерекшеліне қоймайды [2].

Мұғалімнің мамандығы география, математика болсын ол бәріне айқын түсінікті болады, ал әлеуметтік жұмыскер немесе әлеуметтік педагогика дегенді біздің әрбір азаматымыз бұл мамандықтың немен айналысатынын, неден тұратынын бірден біле қоймайды. Әлеуметтік жұмысты практикалық тәжірибе түрінде оқып үйрену, ерекше маңызды. Шетелдерде өздерінің оқу жылы бойындағы үштен бір 65% уақытын тәжірибе жүргізумен өткізеді. Олар, Бельгия, Англия, США, Франция. Ал Ресейде әлеуметтік жұмыскердің тәжірибесі жоғарғы оқу ор-

нында 20% ғана құрайды, ал саясатта мұғалім 11% құрайды. Ресейде педагогикалық кәсіпті жинақтау кезінде жоғарғы оқу орындары дәстүрлі академиялық жолмен әлеуметтік ерекшеліктерді есепке алмай, оған дұрыс мән бермей, даму жолында берілген көрсеткіш нәтижесі бойынша ең соңы болды.

Қосымша түрде оқытулар мемлекеттің қоғамдық өмірінің белгілі бір көрінісінің тасымалдаушысы болып табылатын әлеуметтік жұмыс бойынша мамандардың кәсіби оқыту жүйесіндегі өзгерістермен таныс болу керектігін айқындайды. Кәсіби және жоғары білім берудің мемлекеттік стандарттарында әлеуметтік жұмыс бойынша білім алатын мамандарға көптеген талаптар қойылады. Бұл болашақ әлеуметтік жұмыскерді дайындау процесіндегі пәндердің сипатына байланысты. Студенттерге оқытылатын пәндердің теориялық құрылымы болашақ маманның адамдарды, түрлі қоғамдық топтарды (балалар, жасөспірімдер, ересек әйелдер мен ерлер, қарттар) кешенді танып үйренуіне мүмкіндік беретіндей бағытта жасалынады [3].

Әлеуметтік жұмыскер үшін қоғамның әлеуметтік структурасын, саяси құрылымды, билік жүйесін білу маңызды.

Әлеуметтік жұмыстың басқа да ғылымдармен арақатынасы, оның пәнаралық сипатын, сонымен қатар, әлеуметтану, психология, психиатрия, сияқты білімнің аралас жақтарынан айырмашылығын көрсетеді. Мысалы, әлеуметтану қоғамды, спецификалық топтардың – отбасын, балаларды, еркектерді, әйелдерді, девиантты тәртіптегі және кәрі жастағы тұлғаларды зерттейді. Әлеуметтану аясындағы таным әлеуметтік қызметкерге әлеуметтік мәселелерді зерттеуге мүмкіндік береді, сұхбаттасу қасиетін иеленуді қамтамасыз етеді. Мұндай қасиет қандайда бір мәселесі бар адаммен қалай сөйлесуді, оның ашылуын, сенуін және өзін қауіпсіз сезінуін білуді білдіреді. Әлеуметтік қызметкер ақпаратты жинап және оны талдап, әрі қарай әрекет жоспарын жасайды,

ол осылай мәселенің шешілуін қамтамасыз етеді. Осылай, әлеуметтануды білу, әлеуметтік жұмыс үшін қажет, бірақ ол оны ауыстыра алмайды. Сондықтанда осы екі түсініктің араласуы тұрмыстық санада дұрыс түсіндірілмейді. Әлеуметтанудан басқа, әлеуметтік қызметкер басқа да пәндердің материалдарын пайдаланады, мәселен психологияның. Бұл пән әлеуметтік жұмыс пен тығыз байланысты. Психологтар жеке тұлғаларды зерттейді, олардың даму механизмдерін түсінуге тырысады, адамдық тәртібіне және психикасына әсер ететін маңызды факторларды шығаруға, сонымен қатар ұжымның психологиясын зерттеуге тырысады. Әлеуметтік жұмыс пен психология арасындағы айырмашылықты адамның арасындағы және олардың қоршаған ортамен қатынасына байланысты мамандықтан көруге болады. Сондықтан да әлеуметтік қызметкер адамдардың мәселесін бағалау үшін және қажетті араласудың жоспарын жүзеге асыру үшін әлеуметтану мен психологияның білімін пайдалану керек. Сонымен қатар, әлеуметтік қызметкер, психологтар сияқты жеке тұлғаға ғана көңіл бөлмейді немесе әлеуметтанушылар сияқты әлеуметтік ортаға ғана көңіл бөлмейді. Олар қандай да бір мәселенің түрлі аспектілерін зерттеп, олардың құрастырылған шешімін шығаруға әсерін тигізеді. Әлеуметтік білім жүйесіндегі әлеуметтік жұмыстың орны туралы сұраққа жауап беру үшін, объектісі не қоғам, не адам, не олардың қарым-қатынасының аясы болып табылатын жеке ғылымдармен әлеуметтік жұмыстың арақатынасын қарастыру қажет. Философия табиғаттың, қоғамның және ойлаудың дамуының жалпы заңдары туралы ғылым ретінде, әлеуметтік жұмыстың әдістемелік негізінде шығады. Философия адамдардың әлемге танымдық, әлеуметтік-саяси, адамгершілік және эстетикалық қатынасын, адамдардың басқа адамдарға және олардың өзінің өмір сүруіне, қызметінің нысанына және қорғануына, бірігуіне жақындасуын зерттейді. Құқықтық пәндер-

ге ерекше назар аудару керек. Топчий Л.В. айтып кеткендей: «Әлеуметтік жұмыскерге құқықтық мәдениет қажет. Оның жұмысында клиенттің мәселесін жеке өміріне араласпай және жакындарымен қарым-қатынас жасамай шешуіне тура келеді. Әлеуметтік жұмыскерге облыстық, қалалық, аудандық жергілікті басқару органдарымен және ұйымдармен жұмыс істеу процесінде отбасы мен жеке адам өміріне қатысты заңдармен заңдық актілер қажет болып табылады.»

Адам бойындағы ерекше қасиеттің бірі – өзін-өзі оқыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту. Белгілі бір кәсіби деңгейге ие бола отырып адам өзін-өзі тани түседі, яғни бағытын анықтайды, шығармашылық аясы кеңейе түседі. Осылайша, студенттік кезеңде білім алушы кәсіби білім мен дағдыларды ғана үйреніп қоймай, университет табалдырығында жүріп, жеке өмірлік позициясын, сапа мен қасиеттерін және дұрыс қарым-қатынас жасай алуды қалыптастырады. Болашақ әлеуметтік жұмыскердің маман ретінде дамуы мен қалыптасуы жеке тұлғалық қызығушылықтарымен ұштасып жатыр [3].

Әлеуметтік жұмыс бойынша маман өз қызметі барысында түрлі функционалдық позицияларға қатысады. Алғашқы және негізгісі – міндеті клиенттерге қажетті көмекті ұйымдастыру болып табылатын практикалық позиция. Дегенмен, жеке қызметке қарым-қатынас позициясы да әлеуметтік жұмыскерге анализ жасау мен бағалауда маңызды болып табылады.

Әлеуметтік жұмыс өз негізінде нормативтік қызмет екенін көрсетеді. Ол тікелей әдет-ғұрыптық құндылықтармен және әлеуметтік нормалармен, әлеуметтік мақұлданған немесе мақұлданбаған, «жақсы» немесе «жаман», агрессивті немесе заңды мақұлдайтын адамның мінезімен тығыз байланысты. Көмек көрсету ортасы клиентке өзінің бостандығы мен тұтастығын ұйымдастыруға және этикалық таңдау мен бағалы шешімдер қабылдауға бағытталған. Құндылықты бағыттар жеке адам мен қоғамның

калыптасуында маңызды роль атқарады. Құндылықтар – әлем мен адамға деген қарым-қатынастың жолдары. Олар бағалы субъекті мен бағаланатын объектінің арасындағы байланысты көрсетеді. Әлеуметтік жұмыстағы координаттардың құндылықты жүйесі кез келген ұғынылған практиканың құрылысындағы негізгі мәселесі болып табылады: тек сонда ғана бақыланған фактілер белгілі бір мәнге ие бола алады, және тек солай ғана әлеуметтік іс-әрекеттер мақсаттанған қызметке орай қалыптастырылады. Әлеуметтік жұмыскер клиентке және оның проблемаларына қатысты ғылыми әділдік принциптерін басқара отырып, сыртқы бақылаушының бейтарап орнын ала алмайды. Ол өзара әрекеттесу жағдайына кіріктірілген. Әлеуметтік жұмыстың нәтижелілігі жұмыскер мен клиенттің өзара мақсаттық қалыппен мақсатқа жетудің жолындағы бірігуіне байланысты. Әлеуметтік жұмыс ұғымы мен категориясының кілті ретінде «әлеуметтік тұрмыс халі» және «әлеуметтік жүйе» болады. Олар өзінің құндылықтарына сай нормалары бар қоғамның тіршілік әрекетін тұспалдайды. Әлеуметтік жүйенің бұзылуын қоғамдық құндылықтардың лауазымдық сатысы тарапынан бұзылуы ретінде қарастыруға болады. Әлеуметтік жүйенің жақсаруы – әлеуметтік нормаларға сәйкес дамуды айтады. Әлеуметтік жұмыскерлерді даярлау және қайта даярлауды кең жүйеде күшейту қажеттілігі объективті болып келеді. Бірақ, қазіргі уақытта жұмыс жасап жатқан жоғарғы оқу орнының күшімен әлеуметтік жұмыс мамандарының тапшылығын жою тәжірибе базасының бірлестігімен жүзеге асырылса ғана оң нәтиже беретіні сөзсіз. Қазіргі кезде бірде – бір дамыған мемлекет

әлеуметтік жұмыскерлерсіз болған емес. Әлеуметтік жұмыскерлер кез келген мұқтаж болған адамға түйінді мәселесін шешуге көмектеседі [4].

Әлеуметтік жұмыстар – қоғамдағы рухани құндылықтарды дамытып, адамдар арасындағы ізгі қасиеттерді биік қоюдың маңыздылығын арттыру қажеттілігінен туындаған және ол сонау ежелгі дүниеден бастау алады, бір сөзбен айтқанда, тарихы тым тереңде. Қайсы мемлекет, ұлт болмасын, оның өркениеттілігі, ең алдымен, ізгілігімен айқындалады. Адами қарым-қатынас бәрінен биік тұруы тиіс. Міне, осы тұрғыда әлеуметтік қызметкердің ел ретінде дамып, жетілуі үшін маңызы аса зор. Олай болса, халықтың әлеуметтік те, рухани да, адами да деңгейін көтеруді мақсат тұтқан Тәуелсіз Қазақстанның даму жолында әлеуметтік жұмыс алдағы уақыттарда қоғамдық кәсіп түрінде танылатын мүмкіндіктерге ие болады деп ойлаймын. Адам қоғамға тәуелді мына заманда жан-жақты көмек беруге маманданған әлеуметтік жұмыскерлердің қызметтік рөлі мемлекеттік тұрғыда қолдауға ие болуы тиіс. Ол үшін әлеуметтік жұмыскер мамандардың жұмыс істейтін нысандарын көбейту қажет. Нақтырақ айтсам, жетім балалар үйлерін, мүгедек және мүмкіндігі шектеулі балаларды сауықтыру орталықтарын, қарттар үйлерін т.б. халықтың қорғансыз бөлігіне арналған мекемелерді қажетті мөлшерге дейін ашып, әлеуметтік қызметкердің қызмет саласының мүмкіндігін кеңейту мәселесі қарастырылуы керек. Бұл болашақта осы мамандық бойынша диплом алғалы отырған ЖОО түлектері үшін жұмысқа орналасу мәселесін шешудің оңтайлы жолы болып табылар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Никитин В.А. Социальная работа: проблемы теории и подготовки специалистов: Учебн. пособие. – М.: Московский психолого-социальный институт. – 2012. – С. 236.
2. Абдугалина С.Е. Основные направления социально-педагогической деятельности // Вестник КазУЭФМТ. – 2018. – №2. – С. 68.

3. Григорьев С.И. Гусякова Л.Г., Ельчанинов В.А. и др. Теория и методология социальной работы. – М.: Наука, 2004.

4. Кожамкулова Л.Т. О ходе работы I конгресса социальных работников Казахстана // Психология. Социология. Дефектология. – 2015. – №1(1). – С. 10-12.

5. Холостова Е.И. Профессионализм в социальной работе: Учебн. пособие. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К°», 2012. – 236 с.

Аннотация

Большое место в содержании и методах социальной работы занимают вопросы смысла и значения экзистенциальных потребностей человека, проблемы моральной оценки, интуитивного подхода и учета форм выражения желаний, потребностей и интересов.

Социальная работа носит процессный характер, каждая ее цель, метод требуют времени, в течение которого должна произойти интернационализация участниками социальных знаний, умений и навыков. Поэтому она включает в себя этапы, стадии, уровни, фазы, скорость и ритм. Их надо учитывать на любой стадии, как организации социальной работы, так и ее познания. Исследовательское направление статьи: эффективные способы и виды обучения, содержание, статус в сфере образования и роль в современном этапе подготовки социальных работников.

Annotation

A significant place in the content and methods of social work is occupied by the issues of the meaning and significance of existential human needs, the problems of moral evaluation, the intuitive approach and the consideration of the forms of expression of desires, needs and interests.

Social work is a process, each of its goal, method takes time, during which participants should be internationalized with social knowledge and skills. Therefore, it includes milestones, stages, levels, phases, speed and rhythm. They should be taken into account at any stage of both the organization of social work and its knowledge.



ӘОЖ 159.9 (075.8).
ҒТАМР: 15.31.41.

*А.А. Аманжолова, п.ғ.к., доцент
ҚазЭҚХСУ*

ҚАРТ АДАМДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ МЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Берілген мақалада қарттық шақ күрделі биологиялық, әлеуметтік, психологиялық құбылыс ретінде қарастырылады. Биологиялық феномен ретінде қарттық шақ организм осалдылығының өсуімен және өлім ықтималдылығының артуымен байланысты. Әлеуметтік құбылыс ретінде қарттық шақ зейнетақыға шығумен, әлеуметтік статусының өзгеруімен, көп жағдайда төмендеуімен, маңызды әлеуметтік рольдердің жоғалуымен, әлеуметтік әлемнің тарылуымен байланысты.

Адамзат қоғамында әрдайым білім мен жинақталған тәжірибені келесі ұрпаққа жет-

кізу қажеттілігі маңызды іс-шара болып табылады. Сондықтан да жазу үрдісінде, тарихты және жалпы адамзат қоғамында қариялар үлкен құрметке ие болады. Алайда қоғам дамуының алғашқы кезеңдерінде тіршілік ету құралдарының жетіспеушілігі қарттардың өліміне әкеліп соқтырады. Қоғамдық болмыстың қайшылықтарының салдарынан келесі даму кезеңдерінде егде адамдарға жек көрушілік көзқарасымен қарау қалыптасады.

Кілт сөздер: геронтологиялық зерттеулер, қарттық шақ, зейнеткерлер, психологиялық мәселелер.

Ключевые слова: геронтологические исследования, старость, пенсионеры, психологические проблемы.

Keywords: gerontological research, old age, pensioners, psychological problems.

«Қарттық шақ – ол ауыр, салғырт, үмітсіз кезең» деген түсініктер баяғыдан бері кездеседі. Қартаюға қатысты көп таралған стереотиптер және әлеуметтік күтулер қазақ халқының мақал-мәтелдерінен өз орнын тапты: «Күлсең, кәріге күл», «Көңіл қартаймас, көз қартаяр», «Көп қарттың ішінде бір бала дана болар, көп баланың ішінде бір қарт бала болар», «Қарты бар үйдің құты бар», «Кәрі білгенді пері білмес», «Сексен дегенше, жермен жексен де» және т.б. Әлеуметтік геронтологияның негізін салушы Дж. Холл былай деп жазған: «Қарттықты тану ұзақ, күрделі, азапты тәжірибе: белсенділік пен біздің қызметіміздің ұзақтығына шек қоятын әрбір жаңа он жылдық Ұлы шаршау сақинасын тарылтады».

Психология тұрғысында бұл болып жатқан өзгерістер мен соған біршама табысты үйрену деген сөз. Адам үшін қартаю өзімен бірге не әкеледі? Көп жағдайда қартаю адам үшін ауыр тиетін, тәуелділік жағдайына соқтыратын, шығындар мен жоғалтулар (экономикалық, әлеуметтік немесе жеке) кезеңі болуы мүмкін екен. Алайда қартаю түсінігінің басқа позитивті нұсқасы да бар – ол жастың өзгеруіне және өмірдің жаңа талаптарына бейімделуге көмектесу үшін тұлғаның білімдерін, өзіндік потенциалын және тәжірибесін жалпылау. Қартаю кезеңінде өмірді біртұтас құбылыс деп, оның маңызы мен мағынасын, өмірдің өткен және алдағы ұрпақ алдындағы міндеттерін анықтап, түсінуге болады [1, 11-19 бб.].

БҰҰ-ның Бүкіл әлемдік Ассамблеясы қартаю мәселесіне қатысты бірқатар құжаттар тізімін құрастырған. Бұл құжаттамада қарттардың жалпы әлеуметтік жағдайы мен денсаулығын жақсарту жөніндегі жалпы гуманитарикалық кепілдемелер көрсетілген. Аталаған құжаттамада қоғамдағы қарт адамдар тобының игіліктерін, құқықтарын және міндеттерін сақтау, қамсыздандыру туралы қажеттіліктері ескеріледі. Сонымен бірге барлық егде кісілерге олардың физикалық, мәдени және рухани қажеттіліктерін дамыту мен қанағаттандыру үшін зор мүмкіндіктер жасау қарастырылған. Яғни қарт адамның әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілетін жұмыстар, міндеттер осы құжаттамада толық қамтылған.

Жалпы, социологиялық әдебиеттерде әдетте зейнеткерлерді үлкен қоғамдық, әлеуметтік немесе әлеуми-демографиялық топ ретінде қарастырады, кейде осы екі түсінік бір мағынаға ие болады. Зейнеткерлер қоғамдық өндірістік жұмыстарға қатыспай, бірақ алуан түрлі қоғамдық жұмыстарда маңызды орын алғанымен, кей авторлар оларды (зейнеткерлерді) өндірістік емес сипаттағы әлеуметтік топ деп есептейді. Басқалары зейнеткерлерді әлеуметтік-демографиялық топқа жатқызады. Дәлірек айтсақ, демографиялық топқа тек жасы бойынша зейнеткерлікке шыққан тұлғаларды жатқызамыз.

Зейнеткерлер тобын құрайтын адамдардың ортақ белгісі биологиялық жаста

ғана емес, әлеуметтік белгіде – өмір сүрудің қайнар көзі болып табылатын ең басты және тұрақты құралы зейнетақы алу болып табылады. Жасы бойынша зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлердің әлеуметтік статусы ең біріншіден зейнетақы сипатымен тығыз байланысты. Ал зейнетақыны әр мамандар әрқалай түсіндіреді.

Біреулер зейнетақыны ертеректе жасаған жұмысы үшін сыйақы, қоғам алдындағы жетістіктерін мойындау, еңбегімен жеткен демалысына өтемақы беру деп түсіндіреді. Басқалары – кәрілік салдарынан пайда болған еңбекке жарамсыздық қабілетін компенсациялау мақсатында төленетін қаржылай төлем. Зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі кезең ұзаққа, ер адам үшін 16 жыл, әйел үшін 24 жылға дейін созылады. Осы кезеңде адамда неше түрлі өзгерістер мен құбылыстар байқалады. Бұл құбылыстар ересектік кезеңге қарағанда жылдам түрде болады екен. Бұған тек биологиялық өзгерістер ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және психологиялық өзгерістер де жатады.

Әр адамда картаю құбылысы дара түрде өтеді. Өткізілген жылдар мөлшері адамның физикалық және әлеуметтік қызметінің дәрежесін анықтай алмайды. Біреулер 70 жаста еңбекке қабілеттілігін жоғалтпаған, ал енді біреулері 60 жаста «толығымен қираған» қалыпқа түседі. Бастысы – барлығына бірдей критерийді қолданбау керек. Бірақ егде адамдар – әлеуметтік ерекшеліктерге, қажеттіліктерге, қызығушылықтарға, құндылықтарға ие болатын ерекше демографиялық топ екендігін ескерген жөн. Егде адамдардың геронтологиялық, психологиялық, әлеуметтік ерекшеліктерін анықтайтын зерттеулердің бірқатары (К. Висьневский-Рошовский, В. Климова, Н. Дементьев, Ф. Углова) осы аз зерттелген мәселеге қызығушылық тудырады. Қарттық шақ туралы кең тараған қоғамдық пікір егде адамның физиологиялық және психологиялық жайкүйінің ауыртпалығын ұлғайта түседі. Геронтологиялық зерттеулердің материал-

дары қарттық кезеңде тұлғаның зерделік статусы төмендемей, керісінше қоңырсалқындық, парасаттылық, сақтық, байсалдылық сияқты қасиеттермен толықтырылатындығын дәлелдейді. Жас келе өмір құндылықтарын жоғары бағалай біледі, өзін-өзі бағалауы да өзгереді. Егде кісілер өзінің сырт келбетін көп елемейді, көбінесе жан дүниесі мен денсаулығына көп көңіл бөледі екен. Жаңа өмір ырғағы басталады [2, 14-15 бб.].

Егде тұлғаның күнделікті өмір салтында кейбір ерекшеліктердің бар екендігін зерттеулер мен күнделікті тәжірибе дәлелдейді. Ең алдымен өмірдің әлеуметтік толықтылығы жоғалады, қоғаммен тікелей байланыс бұзылады, кейде қоршаған ортадан өздігінен бөлектенуі де мүмкін.

Әлеуметтік бедел – адамның қоғамдағы беделін көрсететін, кәріліктің маңызды сипаттамасы. Әлеуметтік беделдің құрамына мыналар кіреді:

- а) жыныс – «жазылған» бедел;
- б) өмір бойы жинақталған мамандық пен бедел – «жетістікке жеткен» бедел;
- в) тұлғаның әлеуметтік функцияларын, құқықтары мен міндеттерін анықтайтын күнтізбелік жас.

Күнтізбелік жас бір жағынан өмірлік циклдың бір жағын көрсетсе, екіншіден адамның физиологиялық және әлеуметтік сапасын болжай отырып тіркейді. Өмірлік цикл негізіндегі келіс жастың сипаттамасын әлеуметтік нормалар мен қарым-қатынастармен көрсетеді. Мұнда ең бастысы жұмыс пен отбасы болып табылады. Күнтізбелік жас әлеуметтік рольдер мен жүріс-тұрысқа рұқсат етуге және тыйым салуға қызмет атқарады.

Кәрілік – бұл жаңа әлеуметтік рольдер жүйесіне өту, яғни тұлғааралық және топтық қарым-қатынастар жүйесіне өту болып табылады. Кәрі адамның әлеуметтік беделі біріншіден:

- оның кәсіби белсенділігімен, жаңа мүмкіндіктерге дайындығымен;
- еңбек іс-әрекетінен тыс қызығушылықтарымен;

- денсаулық жағдайына тән физикалық белсенділігімен;

- өмір салты және жағдайымен анықталады.

Кәсіби іс-әрекет оған жақын іс-әрекетпен ауыстырылады. Мысалы, мұғалім кітапханашы мен тәрбиелеушіге айналады.

Әлеуметтік ұзақ өмір сүру адам өмірінің белгілі бір уақытта, нақты қоғамдық, экономикалық және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдағы орта өмір жасының ұзақтығын көрсетеді. Әлеуметтік ұзақ өмір сүру әлеуметтік өмір жағдайының жақсарғанын көрсетеді. Адамға өмірлік және кәсіби еңбекпен, әлеуметтік престижбен негізделген ұзақ өмір қажет.

Жеке ұзақ сүрудің әлеуметтіктен айырмашылығы индивидтердің биологиялық ерекшеліктеріне негізделеді.

Американдық психологтар зерттеуге сүйене отырып, егде адамдардың негізгі бес тіршілік позицияларын бөліп көрсеткен. Анығырақ тоқталсақ.

1. «Конструктивті позиция» – осы позициядағы тұлғалар өмір бойы сабырлы, салмақты және жайдары болып келеді. Олар бұл қасиеттерін қарттық шақта да сақтап қалады, өмірге позитивті қарайды, белсенділігін жоғалтпайды және әрдайым бір-біріне көмектесуге дайын тұрады. Өзінің жасы үшін және нашар қалпы үшін күйзеліске ұшырамай, басқа тұлғалармен байланысқа түсуге қуанышты болады. Мұндай адамдар өзінің қарттық шағын амандықпен өткізеді.

2. «Тәуелділік позициясы» – бұл өмірбақи өзіне сенімсіз, пассивті, жігерсіз, бәріне көнгіш адамдарға тән. Қартая келе олар одан да қатты көмек іздей бастайды, таба алмаған жағдайда өзін бақытсыз деп санайды.

3. «Қорғау позициясы» – «сауытпен қоршалған» адамдарда қалыптасады. Мұндай адамдар басқалармен тығыз қарымқатынаста болуға ұмтылмайды, ешкімнен көмекті қажет етпейді, мінезі ауыр және тұйық болады. Қарттық шақты барынша жек көреді, себебі біреуге тәуелді боғылары

келмейді, қоғамдық жұмыстардан және белсенділіктен бас тартуға тура келеді.

4. «Әлемге қастық көзқарасымен қарау позициясы» – өткен өміріндегі сәтсіздіктерге қоршаған ортаны және қоғамды кінәлайтын адамдарға сай келетін позиция. Мұндай адамдар күдікті, өте агрессивті болып келеді, ешкімге сенбейді, біреуге тәуелді болғысы келмейді, қарттық шаққа жиреніп қарайды, қоғамдық жұмысқа соңғы үміт ретінде қарайды.

5. «Өзіне және өмірге қастық көзқарасымен қарау позициясы» – бұл позицияны ұстанатын адамдар белсенді емес, депрессия мен фотелизмге бейім болады, белгілі бір қызығушылықтары мен ынтасы жоқ. Олар өзін жалғыз және ешкімге керек емес-тей сезінеді, өмірі еш қызыққа толы емес, өлімді бәрінен құтылу амалы ретінде күтеді [3, 14-15 бб.].

Ең бастысы – жалғыздық жағдайына душар болмау, қоғамнан бөлектенуге жол бермеу. Қарт адамдарға әлеуметтік байланыстар өте қажет, тіпті ол жұмыс істемеген жағдайда да аппатия мен әрекетсіздікке берілмеген жөн; алдын ала бақытсыздықты күтпеу керек. Қарт адамдар үшін өзіне, жақындарына тұлғалық-тұрмыстық күтім жасау қоғамға керектігін және маңыздығын сезінуге ықпал етеді. Өзіне аянышпен қарағанша, өз уақыты мен қуатын басқаларға жұмсаған қарт адамдар үшін өте маңызды.

Үмітсіздік және бір нәрседен үміт үзу егде кісілер үшін өте ауыр жағдай болып табылады. Осы жағдайда өмір жағдайын түсіндіретін қағидалар құру керек: мейлі ауру болсын, қиындықтар болсын, дегенмен өмірді қуанышпен өткізу керек.

Өмірлік тәжірибе қарттардың түрлі дәрежелерге бөлінетіндігін көрсетеді:

- көмек қажет етпейтіндер;
- еңбекке жарамдылығын жарым-жартылай жоғалтқандар;
- қызмет көрсетуді қажет ететіндер;
- күтім қажет ететіндер.

Қай дәрежеге жататындығына байланысты әлеуметтік көмек бағдарламалары

өңделіп, қарт адамдармен жұмыс жүргізілетін әдіс-тәсілдер таңдалады. Қарт адамдармен жұмыс жасаудағы басты принциптердің бірі тұлғалық сыйласымдылық болып табылады. Клиентті жетістіктері мен кемшіліктерін бөлмей, өз қалпында қабылдаған жөн. Әлеуметтік қызметкердің кәсіби компетенттілігі жас ерекшеліктің геронтологиялық және психологиялық ерекшеліктерін, клиенттің әлеуметтік немесе кәсіби қай топқа жататындығын білу болып табылады. Қажеттіліктері, қызығушылықтары, дүнитанымы, қоршаған ортасы, тұрмыстық, материалдық жағдайлары, клиенттің өмір салтын білу – әлеуметтік көмектің үйлесімді технологиясын таңдауға, мәселені сауатты түрде анықтап, шешу жолдарын табуға мүмкіндік береді. Қарт кісіде басқа адамдарға, қоғамға керек болу, басқалармен сыйлы болу үміті қалыптасу керек.

Ол үшін түрлі әрекеттер қолданылады: мәселені анықтап, туыстарымен байланыс орнатуға көмектесу, қажетті сауалдарды қалпына келтіру, нақты көмектерді қолдану: еңбекке жарамсыз қарияның бөлмесін жинастыру, денсаулығы нашар кісіге дәрі-дәрмек жеткізіп беру, сонымен қатар шығармашылық конкурстарға қатысуға шақыру (тігін, тоқыма, гүл өсіру және т.б.). Егде кісінің тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, оның тәжірибесінің керектігіне және пайдалылығына сендіру керек. Сонда тұлғаның күшқуаты көтеріліп, қоғам үшін, әсіресе жастар үшін пайдасы тиюі мүмкін.

Қарт адамдармен әлеуметтік жұмыс барысын сыпайылық және әдептілік принциптеріне сүйеніп басқарған жөн: «Зиян келтірме!», «Біреудің жан-дүниесіне қол сұқпа!» және т.б.

Бұл әдістің егде кісілердің рухани және физикалық жағдайын жақсарту мақсатындағы тиімді екендігін жүргізілген бақылаулар нәтижелері дәлелдейді. Қарт клиенттерді қабылдауға көп көңіл бөлген жөн. Бірінші кездесуде клиенттің мінез-құлқын анықтайтын бақылаулар жүргізілмес бұрын бейта-

рап қарым-қатынас стилін таңдаған дұрыс. Яғни, екпін ырғағындағы ұстанымдылық, киім стилінің ұқыптылық, сезгіштік, назар деңгейінің жоғаруы болуы, қимыл-қозғалыста абыржудың, көп сөзділіктің, сөйлеу ахуалдарының болмауы егде клиенттің өзіне сенімді болуына және сенімді әңгіме жүргізуге себеп болады.

Қарт адаммен кездесу жеке дара түрде болады, алайда кейбір тәжірибелік қызметке сәйкес келетін кепілдемелерді жалпы түрде беруге тура келеді, сондықтан да егде кісіні қабылдау орнын анықтап алу өте маңызды.

Ең дұрысы – клиент (қария) қабылдап отырған қызметкерге қарама-қарсы немесе сәл қиғаштау, есікке арқасын қаратып отырғаны жөн. Клиент пен қызметкердің арасы тым жақын немесе тым алшақ болмау керек, бұл қарым-қатынасқа кедергі келтіруі мүмкін. Жұмыс барысында тілектестік пен клиент мәселесіне қызығушылығын білдіру керек, онымен бірге абыржу немесе әзілдеудің болмағаны және де әңгімелесудің басында «қарқынды шабуыл» жасамаған дұрыс. Әлеуметтік қызметкер қарым-қатынас барысында клиентке жайдарлы көзқараспен қарап, күлімсіреп, жігерлендіруші ымдар жасаса, онда үйлесімді контакт құруға мүмкіндік туады. Клиенттің беделін көтеру үшін оны аты және әкесінің аты бойынша атау керек, осы арқылы клиентке деген сыйлы қатынасты көрсетуге болады. Кейде әңгімелесуді клиентке айтылған мақтаулы қошеметтен бастаса да болады, бұл қарияны ашық, сенімді әңгімеге тартудың бір элементі болып табылады.

Әлеуметтік қызметкердің әңгімені: «Танысайық, сізді қалай атауға болады?» деп бастағаны дұрыс болады, ал егер клиенттің сасқалақтаған күйін байқаса, онда әңгімені: «Мұқият тыңдап тұрмын сізді, Иван Дмитриевич» немесе «Қандай мәселемен келдіңіз» деген сияқты сөздермен бастаған дұрыс. Әлеуметтік қызметкер байқағыштық, эмпатиялық, тыңдай алу және диалог құра білу сияқты коммуникативті қасиеттерін

білгені жөн. Кеңес беріп, нұсқап, насихаттауға болмайды, себебі бұл сенімді әңгіме жүргізуге кедергі болуы мүмкін.

Егде адам әлемі өзіне тән. Оған біздің қоғамның көп бөлігі шалдығады. Мұнда өзінің критерийлері, бағалаулары мен заңдылықтары болады.

Егде адамға көмектесу бұл оның әлемін қабылдау мен түсіну болып табылады. Әлеуметтік қызмет халықтың, соның ішінде қариялардың әл-ауқатын жақсарту мақсатында барлық қажетті шаралар жүйесін қолданатыны баршамызға мәлім. Қарттық шаппен қартаю ауру немесе патологияға жатпайды, әйтсе де бұл кезеңде ағза жүйесінің құрылуында көптеген өзгерістер жүреді. Психикалық қартаю дара түрде өтеді, әр адам өзіндік ерекшеліктері бойынша қартаяды. Солай дегенмен, адамның психикалық қартаюының жалпы заңдылықтары ұқсас болады.

Сонымен адам ағзасында қандай өзгерістер болады екен. Д.Ж. Курцмен жас келе адамның психологиясында көп өзгерістер болады деп жазған. Яғни адам кейбір психологиялық қасиеттерін және бейімделу қабілеттілігін жоғалтады. Ер адамның да, әйелдің де өмірдің жаңалықтарына құштарлығы жойылып, тұрақтылық пен сенімділікке қарай ығыса бастайды [3, 4-5 бб.].

Жұмыссыз өткен 1 жыл адам өмірінің ұзақтығын айтарлықтай қысқартады екен, ал жұмысын жоғалту тіпті 5 жылға дейін қысқартуы мүмкін дейді Д.Ж. Курцмен. Ал зейнетке шығу кезеңінде адам тіпті өліп кету мүмкіндігі де бар.

В.С. Говоров қартаюды іштей қайшы кезең деп көрсетеді. Яғни дегродацияның сөну құбылысымен бірге маңызды икемдену механизмдері де туындайды екен. Осы бейімделу механизмдерінің көбісі жүйелі түрде бекітіліп, адам дамуының соңғы кезеңдерінде көріне бастайды.

Ұзақ жасауды адамзат қоғамының әлеуметтік жетістігі ретінде қарастыру үшін, ең алдымен қарттарды қоғамға тек шығындар

алып келетін ауыртпалық ретінде емес, ерекше топ, білім мен тәжірибе сақтаушы ретінде қараған жөн болады. Қартаю кезеңі жалғыздықты тудыратын себептерге толы болады. Жолдастары қаза болады, балалары есейіп, ата-аналарынан алыстайды және басқа да себептер жатады. Сонымен қатар қарттық шаппен бірге денсаулығынның нашарлау салдарынан туындайтын қорқыныш сезімдері де келеді.

Әлеуметтік-тарихи динамикада қартаю процесін құрайтын түрлі әлеуметтік геронтологиялық білімдердің үлгілері, егде кісілердің әлеуметтік жай-күйі мен психологиялық тәжірибесі, сонымен қатар геронтологиялық көмек және күтім көрсету құрылууда. Қарт адамдардың жалғыздығының басты себебі «адамзат қоғамынан, отбасынан, тарихи шындықтардан, үйлесімді табиғи әлемнен ажырап қалу уайымы болып табылады» деген пікірді көп зерттеушілер қолдайды. Алайда жалғыздікті қарттардың барлығы да жалғыздықты сезіне бермейді. Бір топ адамдар арасында да, отбасында да адам жалғыздықты сезінуі мүмкін, соған қарамастан көптеген жалғызбасты қарттардың жалғыз қалуы – балаларымен немесе жолдастарымен әлеуметтік қарым-қатынасқа түспеуінен туындайды [4, 25-27 бб.].

Қарт адам жалғыздығының деңгейі мен себебі туралы түсініктің болуы жас ерекшелікке тәуелді болады. Мысалы 80 және одан да жоғары жастағылар «жалғыздық» терминін басқа жас ерекшеліктегі адамдар тобынан басқаша түсінеді екен. Қарттар үшін көбіне жалғыздық – әлеуметтік қарым-қатынастың жетіспеушілігі емес, қызмет деңгейінің төмендеуі немесе азаюы, шартты түрде жүретін еңбекке жарамсыздық немесе қозғала алмау деген түсінік қалыптасады.

Шынайы өмірде қарттық шақ – бұл көмек пен қолдауды қажет ететін кезең. Негізгі дилемма осындай болып табылады.

Жалғыздықтың әйелден гөрі, ер адамдар көбірек құрбан болатын басқа апектісі де бар. Бұл жалғыздық физикалық белсенді-

лікпен қатар, ойдың белсенділік қоймасының нәтижесінен де туындайды. Әйелдер ер адамдарға қарағанда ұзақ өмір сүреді және қартаю құбылысына оңайшылықпен берілмейді екен. Әдетте егде әйелге ер адамға қарағанда шаруашылыққа көп көңіл аудару оңайға түседі. Зейнетке кете салып ер адамның тірлігі едәуір азая түседі, әйелдің тірліктері керісінше айтарлықтай көбейе түсетіндігі рас. Зейнеткер ер адам «табыскер» ролін жоғалтқан кезде, әйел адам «үй қызметкері» ролін еш уақытта да жоғалтпайды. Күйеуінің зейнетке кетуінен бастап, әйелі үй шаруашылығының шығындар көлемін қысқарта бастайды, оның денсаулығы нашарлап, өмірлік энергия деңгейі айтарлықтай төмендейді. Сонымен, әйелдердің жалғыздыққа душар болу мүмкіндігі ер адамға қарағанда азырақ болады екен. Себебі олардың әлеуметтік рольдері көп болады [5, 101-102 бб.].

Зерттеулер көрсеткендей, некелескен ер адамнан гөрі, жесір қалған еркектен жалғыздықтың белгілерін көбірек көруге болады. Ал некелескен және жесір әйелдер

арасынан айтарлықтай айырмашылық байқалған жоқ. Мұндай мәліметтер егде жастағы ер адам мен әйел адамдардың бос уақытының ұйымдастырылуының айырмашылығымен түсіндіріледі.

Социологтардың жүргізген зерттеулері бойынша, егде кісілердің көп бөлігі (56%) балаларымен бірге тұрады, мұндай отбасыларының 45%-да немерелері бар, қарттардың 59%-ның жұбайы бар. Ал қарттардың 13% жалғыздікті болып табылады. Жалғыздікті қарттарға көмек көрсете отырып, жалғыздыққа әкеп соқтыратын ықпалдардың түрлілігіне көңіл бөлу керек. Жалғыздық мәселесін шешуде қарттарға көрсетілетін әлеуметтік көмек пен оңалтуға үлкен мән беру қажет [6, 87-89 бб.].

Сондықтан бүгінгі жаһандану дәуірінде жас ұрпақтың ұлттық санасы өсіп, халықтың ұлттық идентификацияға деген талпынысы артуда. Мемлекет тарапынан да ұлттық тарихты дамытуға бағытталған бағдарламалар қабылдануда. Жалпы, тарих ғылымы мен қоғам тығыз байланысты [7, 99 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бердышев Г.Д. Реальность долголетия и иллюзия бессмертия. – Киев: Политиздат Украины, 2015. – С. 11-19.
2. Альперович В. Социальная геронтология. – Рн/Д.: Феникс, 2016. – С. 4-5.
3. Фирсов М.В. Психология социальной работы. – М.: Академия, 2015. – С. 14-15.
4. Психология. 10 томдық. Т. 2. – Алматы: Таймас, 2015. – 25-26 бб.
5. Жастармен әлеуметтік жұмыс: Халықаралық тәжірибе. – Алматы, 2017. – 101-102 бб.
6. Әлеуметтік жұмыс технологиясы: Оқулық. – А., 2018. – 87-89 бб.
7. Ныгмет А. Қазақстан тарихын оқытудағы өзекті мәселелер // ҚазЭҚХСУ Жаршысы. – 2018. – №3-4. – 99 б.

Аннотация

В этой статье этап в период старения человека рассматривается как сложное биологическое, социальное, психологическое явление. Как биологическое явление, период старения связан с повышенной уязвимостью и повышенной смертностью. Как социальный феномен этот период связан с выходом на пенсию, изменением социального статуса, в большинстве случаев потерей важных социальных ролей.

Самым важным для пожилого человека является, необходимость донести знания и опыт до следующего поколения. Поэтому в истории всего человеческого общества к пожилым людям будут

уважительно относиться. Несмотря на начальных этапах развития общества недостаток средств выживания привело к большой смертности пожилых людей. В результате возникших противоречий, в обществе сформировалось негативное отношение к пожилым людям.

Annotation

This article is considered as a complex biological, social, psychological phenomenon. So the biological phenomenon, aging is associated with an increase in the vulnerability of the body and an increase in the probability of death. As a social phenomenon, old age is associated with retirement, change in social status, largely a decrease, the loss of important social roles, the narrowing of the social world.

An important activity in human society is the need to transfer knowledge and experience to another generation. Therefore, in the process of writing, history and human society, older people receive great respect. However, in the early stages of development of society, the lack of means of life leads to the tradition of killing older people. Because of the contradictions of social life in the subsequent stages of development formed attitude of hatred towards the elderly.



ӘОЖ 004.453:004.924

ҒТАМР 50.09.47

С.Ә. Сантеева, магистр, аға оқытушы

А.Т. Байдаулетова, магистр, аға оқытушы

ҚазЭҚХСУ

КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАР ҚОЗҒАЛЫСЫН БАСҚАРУДАҒЫ ARDUINO ҚОЛДАНЫСЫ

Ақпараттық технологиялардың дамыған заманында адам орындауы қажет іс-әрекеттер автоматтандырылған және қолдану ыңғайлы болу үшін жеңілдетілген. Қазіргі адамның өмірін интернет, компьютер, ұялы телефон сияқты басқа да құрылғыларсыз елестету өте қиын. Бұл құрылғылардың барлығы адам өмірін, жұмысын, жүріп-тұруын жеңілдетуге бағытталған.

Бұл мақалада адамның қозғалысын, соның ішінде көру қабілеті шектеулі адамдар қозғалысын бақылайтын, шетел әдебиеттерінде ақ таяқ атауына ие аппараттың жасалу жолы айтылады. Arduino микроконтроллеріне негізделген жол сілтегіш таяқ зағип жандар үшін ең таптырмас құрал. Бұл аппаратпен адамның қозғалысы, нақтырақ айтсақ, алдындағы кедергілерді орнатылған қашықтықтарға байланысты анықтайтын, суға түсіп кету қаупінің алдын алатын, қоңырау шалу арқылы адамның тұрған жерін анықтайтын функциялар басқарылады. Аталған апаратты жүзеге асыру үшін ArduinoMega 2560 микроконтроллері, Water Sensor су датчигі, HC-SR04 қашықтық датчигі, Микроконтроллерге арналған ток көзі, транзистор, резистор пайдаланылды. Арнайы құралдарды жалғап, оларды бағдарламалау үшін Arduino IDE бағдарламалау ортасы қолданылды. Бұл құрылғының көмегімен адамдар алдындағы кедергі жөнінде және аяқ астындағы көлшік-сулар туралы алдынала хабардар болады.

***Кілт сөздер:** Arduino, адам қозғалысын бақылау, Water Sensor су датчигі, HC-SR04 қашықтық датчигі, Buzzer, резистор, транзистор, ақ таяқ.*

Ключевые слова: *Arduino, наблюдение за движением человека, датчик воды Water Sensor, датчик расстояния HC-SR04, Buzzer, резистор, транзистор, белая трость.*

Keywords: *Arduino, human movement observation, Water Sensor, distance sensor HC-SR04, Buzzer, resistor, transistor, white cane.*

XXI ғ. – ақпараттық технологиялардың дамыған дәуірі. Қазіргі таңда дам орындауы қажет іс-әрекеттердің көбісі автоматтандырылған және қолдануға ыңғайлы болу үшін жеңілдетілген. Заманауи тұрғыда адамның өмірін интернет, компьютер, ұялы телефон сияқты басқа да құрылғыларсыз елестету өте қиын. Бұл құрылғылардың барлығы адам өмірін, жұмысын, жүріп-тұруын жеңілдетуге бағытталған. Осы орайда, жұмыста мүмкіндігі шектеулі адамдарға септігі тиетін аппараттық құрылғы жасаудың жолы айтылады. Нақтырақ айтсақ, көру қабілеті шектеулі жандарға арналған Arduino микроконтроллеріне негізделген таяқ жасау мақсат етіледі. Шетел әдебиеттерінде ақ таяқ атауына ие. Бұл құрылғының көмегімен адамдар алдындағы кедергі жөнінде және аяқ астындағы көлшік туралы алдын ала хабардар болады. Оған қоса көзі зағип адам адасып кеткен жағдайда, отбасы оның орналасқан жерін табу үшін таяққа қондырылған GPS модульге хабарласып, оның орналасқан жерін картадан көре алатын мүмкіндік те қарастырылған.

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының (БДСҰ) мәліметтері бойынша, 2017 ж. қазан айында шамамен 253 млн адамның көру қабілеті бұзылған, олардың 36 млн көру қабілетінен айырылған және 217 млн адамның көру қабілеті нашар болған [1].

Stolovitch және Keeps мәліметтері бойынша, орташа есеппен адам ақпараттың 83%-ын көру қабілеті арқылы, 11%-ын есту, 3,5%-ын иіс сезу, 1,5%-ын сипау және 1%-ын дәм сезу арқылы алады [2].

Жоғарыда көрсетілген деректерге сүйенетін болсақ, адам үшін ең маңыздысы – көру қабілетінің жақсы болуы.

Зерттеу жұмысының мақсаты: көру қабілеті шектеулі адамдарға сенімді түрде жү-

руге көмектесетін, сонымен қатар жүзеге асырылуы көп шығынды талап етпейтін ультрадыбыстық таяқты жасау қарастырылады.

Аталған құрылғы Arduino микроконтроллерін, су датчигін, ультрадыбыстық датчик және GPS, GSM модульдерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Көру қабілеті шектеулі адамдар көп жағдайда адамдарға, оқытылған иттерге немесе шешімдер қабылдауға арналған арнайы электронды құрылғылар көмегіне зәру болады.

Ұзын ақ таяқ – көру қабілеті шектеулі адамның жолындағы кедергілерді анықтауға мүмкіндік беретін дәстүрлі мобильді құрылғы болып табылады. Бұл таяққа электронды компоненттер мен датчиктер қосу арқылы модификациялау жасап, оны жетілдіруге тырысамыз. Ультрадыбыстық сенсор кез келген кедергіні анықтау үшін қолданылады. Ол кедергілерді 2 см – 450 см аралығында анықтайды. Сондықтан бұл ауқымда қандай да бір кедергі болған кезде ол адамға ескертеді. Су датчигі жолда су бар-жоқтығын анықтау үшін қолданылады. Сондықтан адам бұл жөнінде де хабардар бола алады.

Зерттеу жұмысының нысаны: негізгі қозғалтқыш – Arduino модулін пайдалану болып табылады. Arduino – бұл өзінің жеке процессоры мен жадысы бар шағын плата. Сондай-ақ платаның құрамында ондаған компоненттерді қосуға болады: шамдар, датчиктер, қозғалтқыштар, роутерлер, маршрутизаторлар және одан басқа электр қуатынан жұмыс істейтіндердің бәрін жатқызуға болады. Arduino процессорында осы құрылғылардың барлығын алгоритмге сәйкес басқаратын бағдарламаны жүктеуге болады. Осылайша, өз қолымызбен бірегей керемет гаджеттердің шексіз санын жасау мүмкін-

дігіне ие боламыз. Ол үшін Arduino IDE бағдарламалау ортасы қолданылады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі: бұл жұмыстың басқа жұмыстардан ерекшелігі – оның қолжетімділігі. Қолжетімді деп – Arduino модулін қолдана отырып құрылғыны жасау, баптау жеңілрек, түсінікті, әрі бағасы әлдеқайда арзандау деп түсінсек болады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында осыған ұқсас өнім жоқ. Оны тапсырыс арқылы шетелден алдыртуға болады. Ол өнімдердің бағасы арзан емес. Яғни кез келген тұрғын өзіне мұндай құралды сатып алуға мүмкіндігі жоқ. Мұндай құрылғы аналогтары дүниежүзінде өте көп. Бірақ олардың аз ғана бөлігі жаппай сатылымға шыққан. Сондықтан көптеген адамдар мұндай құрылғыларға қол жеткізе алмайды.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы: көру қабілетінен айырылған жандардың еркін жүріп-тұруын қамтамасыз ететін аппараттық құрылғының аз болуы және соған байланысты қолжетімді әрі пайдалы құрылғы жасау жұмыстары жүргізілді.

Ақ таяқ ұғымы. 1911 ж. Бельгияда көптеген көзі көрмейтін адамдар көшеге қызыл түсті жалаулармен шықты, ал Дания, Швеция және Германия тұрғындары – үш қара нүктесі бар сары түсті лентаны байлады. Бірақ, жалаулар да, ленталар да жүргізушілерге мүгедек адамдар туралы хабар беруге көмектеспеді, сонымен қатар көзі көрмейтін адамдардың да өмірін жеңілдете алмады.

Он жыл өткеннен кейін, 1921 ж. Ұлыбританияның Бристол қаласының тұрғыны – фотограф Джеймс Бигс жол-көлік апаты салдарынан көру қабілетінен айырылады. Осы жайттың салдарынан Джеймс жұмысынан айырылып, өзіне деген сенімі жоғалып, пассивті өмір сүреді. Бірақ осы кезде Джеймс оның өмірін түбегейлі өзгерткен көзі көрмейтін соғыс ардагерімен танысады. Ардагер оған: «Толыққанды өмір сүр, тәуелсіз бол! Бағыттаушымен жүрме! Біреудің көмегіне жүгінген сайын, жалғыз жүруге тура болған жағдайда қатты қиналасың!» –

деп кеңес береді. Осы кеңестен кейін Джеймс көшеге таяқпен шығатын болды. Алайда, ол таяқтың оған қауіпсіздікті қамтамасыз етпейтіндігін байқады, кейде тіпті қауіптің көзі өзі де болатынын аңғарған. Оның себебі, жаяу жүргіншілер мен көлік жүргізушілері қарапайым таяққа мән бермейтіндігі. Сол кезде Джеймс айналадағы адамдар көңілін аударту мақсатында өз таяғын ақ түске бояуды жөн көреді. Оның бұл ойы дұрыс болады да, ендігі кезекте ол барлық көру қабілетінен айырылғандарға өзі сияқты жасауға кеңес береді. Осылайша, ақ түсті таяқ дүниежүзі бойынша барлық көру қабілеті шектеулі адамдардың символына айналады.

Ақ таяқтардың дамуының келесі кезеңі 1931 ж., батыс Еуропаның «Ротариандық клубы» деп аталатын қайырымдылық ұйымы көру қабілетінен айырылған британдықтарға ақ таяқ сатып алып, сыйлаған кезден бастау алады. Осы жайтты БАҚ кеңінен ақпараттандырады және BBC радио арнасының барлық көру қабілеті шектеулі адамдарды осындай таяқтармен қамтамасыз ету туралы ұсынысын жасайды. Нәтижесінде көру қабілетінен айырылғандарға арналған Британдық Корольдік Ұлттық институты осы мәселені қолға алады.

АҚШ-та екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ақ таяқ көру қабілетінен айырылғандардың символы болып қана қоймай, олардың айналаны танып-білудегі эффективті құралына айнала бастады. Американдық соғыс ардагерлерімен жұмыс істеген дәрігер-реабилитолог Ричард Гувер өз зерттеулері нәтижесінде адамның сенімді әрі қауіпсіз жүріп-тұруына, жолды зерттеуге, айналаны тануда және қауіптерді анықтауда ақ таяқтың әлдеқайда жеңіл екендігін дәлелдеген. Ол көп уақыт бойы адамдарды бақылап, өзі де тәжірибеге қатысады [3].

Сол кезден бері ақ таяқ қалай өзгерді? Көру қабілеті шектеулі жандарға арналған таяқ қандай толықтыруларға ие болды? Қарапайым ағаштың, бамбуктың орнына болат, алюминий қорытпалары, кейінірек гра-

фит, шыны талшық және басқа да композиттік материалдар қолданылды. Таяқ ендігі кезекте жеңіл, мықты және адам ыңғайлылығы үшін жиналатын болды.

Sylvain Cardin, Daniel Thalmann және Frederic Vexo [4] жаңа тосқауылдарды анықтау қабілеттерін дамыту үшін стереоскопиялық сәулет қолданған. Алдымен олар қандай бағытта кедергілердің бар екендігін анықтайды. Пайдаланушы құрылғысының сол және оң жағында вибраторлар бар. Осы вибраторлармен көмегімен адам кедергінің бағытын анықтай алады.

Усама Бадер Аль-Баррм және Джин Винут [5] ультрадыбыстық сенсорлар арқылы көру қабілеті шектеулі адам жолындағы кедергілерді анықтайды. Ол үш түрлі бағытты сканерлеуге арналған датчиктен, микроконтроллер, зуммер және вибрационды қозғалтқыштан тұрады. Зуммер мен виброқозғалтқыш кез келген тосқауылға тап болғанда іске қосылады. Сонымен қоса таяқ GPS және SMS-хабарлама жіберу жүйелерімен қамтамасыз етілген.

Ақ таяқ тарихындағы соңғы он жылда шетелдік фирмалар таяққа бекітілетін датчиктер арқылы адамға кедергі туралы ақпарат беретін құрылғылар жасап шығаруда. Бүгінгі таңда мұндай таяқтардың алуан түрі бар. Оларға: аппараттық құрылғылар қондырылған ақ таяқ, қолға тағатын браслет, электронды таяқ және т.б. түрлерін айтуға болады. Олардың әрқайсысы тек бір мақсатта жұмыс істейді – ол адамдарға көмектесу. Бірақ олардың құны барлық адамдар үшін тиімді емес, ал Қазақстанда тіптен жоқ. Сол себептен, осындай қымбат аппараттық құрылғыларға арзан әрі тиімді альтернатив шешім ұсыну қазіргі таңда өзекті мәселе. Бұл жұмыс негізін Arduino микроконтроллері құрайды.

Әлемде, SparkFun Electronics сияқты ірі фирмадан бастап, жергілікті нарыққа жұмыс істейтін шағын компанияларға дейін алып қарағанда, Arduino өнімінің 200-ден аса дистрибьюторлары бар. Бүгінгі таңда Arduino

платформасы бір ғана емес бірнеше түрі бар жиынтықты құрайды. Arduino Uno деп аталатын бастапқы жобаға қосымша, платада әлдеқайда қуатты қосымшалары бар жаңа модельдер Arduino Mega деп аталады, керісінше кішігірім модельдер – Arduino Nano, су өткізбейтін корпусы бар бар платалар – LilyPad Arduino, ал 32-разрядты процессоры бар жаңа плата Cortex-M3 ARM – Arduino Due деген атауға ие.

Жұмыста қолданылатын құралдар кешені жасалатын жұмыс ерекшеліктеріне, бақыланатын параметрлерге сай таңдап алынды. Жобаның негізгі қозғалтқышы ретінде Arduino микроконтроллері таңдалды.

Бұл жұмыста HC-SR04 – ультрадыбыстық датчигін Arduino микроконтроллеріне қосып, көру қабілетінен айырылған жандардың кеңістікте бағдарлауын жеңілдетуге арналған аппаратты жасау көрсетілетін болады. Arduino-ға бірнеше атқарушы механизм және су датчигі қосылған. Алдын ала берілген командалар орындалғаннан кейін, аппарат алдындағы тосқауыл жөнінде, аяқ астындағы шалшық су жөнінде және мүгедек адамның орналасқан жері жөнінде хабарламаларды жіберетін болады. Сонымен қатар жіберілген хабарлама нәтижесінде ақ таяқтың орналасқан жерін картадан (браузер, Google карта, 2ГИС) ашып қарау мүмкіндігі де бар.

Arduino-ға арналған құралдарды жалғап, оларды бағдарламалау үшін Arduino IDE бағдарламалау ортасы қолданылады. Соның көмегімен дайын кітапханаларды қолдана отырып, аппараттың келесі функционалы жүзеге асырылды:

- тосқауылды анықтау;
- суды анықтау;
- GSM/GPS көмегімен ұялы телефонға хабарлама жіберу.

Құрылғыны жүзеге асыру үшін келесі құрылғылар қолданылады:

- Arduino Mega 2560 микроконтроллері
- HC-SR04 қашықтық датчигі
- NEO-6M-0-001 GPS модулі

- AiThinker A6 GSM/GPRS модулі
- Water Sensor су датчигі
- Buzzer
- Резистор 500 Ом
- Транзистор KT503e
- Микроконтроллерге арналған ток көзі (қалыпты жұмыс үшін 7-12 В беретін).

Алдымен барлық бөлшектердің дұрыс жұмыс істеп тұрғандығына көз жеткізіп, тұтастыққа тексеріп, қоректену көзіндегі кернеуді өлшеу керек.

Ультрадыбыстық толқын негізінде жұмыс істейтін ақ таяққа арналған аппараттық құрылғы ретінде HC-SR04 – ультрадыбыстық қашықтықты өлшеуге арналған құрылғысы таңдалды. Бұл датчик құрылғыдан нысанға дейінгі қашықтықты өлшеуге арналған. Ультрадыбысқа негізделген ақ таяқтың жұмыс істеу принципі қарапайым, ол 40 000 Гц тең ультрадыбыстық толқындардың шағылу әсерінен жұмыс істейді. Яғни құрылғыда ультрадыбыстарды тудырушы және қабылдаушы бар.

Кедергіден шағылған кездегі тудырушы импульс пен эхо-сигнал арасындағы уақыт айырмы кедергіге дейінгі арақашықтықты анықтауға мүмкіндік береді. Ауадағы дыбыс жылдамдығы шамамен 341 м/с, ал датчик пен толқауыл арасындағы арақашықтық жылдамдық пен уақытты көбейтіп, екіге бөлгенге тең:

$$\begin{aligned} \text{Арақашықтық} &= (\text{Уақыт} * \\ &* \text{Дыбыс жылдамдығы}) \div 2. \end{aligned} \quad (1)$$

Кедергіге шамамен 1-1,5 метр қалғанда, адамның қолындағы таяқ вибра толқындар шығара бастайды, бұл жерде үлкен қала ағымында, адам көп жерде құрылғының қажет емес кезде іске асуы қолдануды тиімсіз етеді. Адам тосқауылға жақындаған сайын, вибра толқын интенсивтілігі артады – құрылғыда сигналдың 3 түрлі деңгейі қарастырылған. Кейін, кедергіден алыстаған соң, вибра толқын күші азая береді. Осылайша, адам тосқауылдан қауіпсіз айналып

өту мүмкіндігіне ие болады.

HC-SR04 қашықтық датчигі Arduino-мен жұмыс істеу үшін дайын – Ultrasonic кітапханасы қолданылды. Ultrasonic конструкторы екі параметрді қабылдайды: Trig және Echo шығыстары қосылған пиндер номері.

Ұялы телефон арқылы көру қабілеті шектеулі адамның орналасқан жері туралы хабарлама алу үшін NEO-6M-0-001 GPS модулі және 6A GSM модулі қолданылды.

GPS модульді географиялық координаттарды алу үшін, GPS арқылы қабылдағыш антеннаның ағымдағы орналасқан жерін анықтап, алынған мәліметтерді әрі қарай контроллерге жіберу үшін қолданылады. Бұл модуль AVR, Arduino, ARM және PIC негізінде жұмыс істейтін құрылғылармен қолданылады.

Практикалық тұрғыда модульдың қолдану аясы өте кең. Мысалы, негізгі жобада бұл модуль ақ таяқтың орналасқан жерін білу үшін қолданылады. GPS модульді қолданар алдында оған микроконтроллер және ток көзі жалғану керек. GPS-пен жұмыс істеу үшін «TinyGPS++.h» кітапханасы қолданылды. Модульдегі нәтижелерді шығару форматы – NMEA. Модуль корпусы жазықтықта бекітуге арналған 4 тесікпен қамтамасыз етілген. Негізгі GPS модульді контроллер арқылы SPI, UART, IIC және DDC интерфейстерімен немесе USB интерфейсі көмегімен дербес компьютер арқылы басқаруға болады. Модуль платасы деректердің кіріс/шығысын және ток көзіне қосылуды қамтамасыз ететін бір UART интерфейсімен жасқалған. NEO-6M-0-001 GPS модулі контактілері:

- VCC (ток көзі кернеуі үшін);
- RX (кіріс деректері үшін);
- TX (шығысындағы деректер үшін);
- GND (жалпы контакт қызметінде).

Аяқ астындағы су туралы хабар алу үшін Water Sensor су датчигі қолданылды. Бұл датчиктің жұмыс істеу принципі суға батыру негізінде жүзеге асады. Яғни датчикті суға тереңірек батырған сайын, көршілес

екі сым арасындағы кедергі де азая береді. Датчиктің контроллерге қосылуға арналған үш контактісі бар:

+ – датчиктің ток көзі;



-- жер;

S – аналогті мән.

Аналогті Water Sensor датчигіне 5В кернеу берілді. Құрылғының шығыс кернеуінің мәні, оның сұйықтыққа қаншалықты бат-

қандығына және кернеуді беру коэффициентіне әсер етуші факторларға тәуелді. Бұл датчик қолдануға өте тиімді, әрі бағасы да қолжетімді болып келеді. Қолданылу аясы өте кең, көп жағдайда «ақылды үй» жобаларында кең қолданыс тапқан.

Жасалған жұмыс нәтижесі суретте келтірілген.



Сурет. Ақылды ақ таяқ құрылғысы

Қорытынды. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде заманауи технологияларды пайдалана отырып, атап айтқанда, Arduino Mega микроконтроллеріне негізделген, көру қабілеті шектеулі жандарға арналған тиімді аппараттық құрылғы жасап шығарылды [6].

Жасалған құрылғы мүмкіндіктері кең ауқымды. Құрылғы адам алдындағы тосқауылды анықтап қана қоймай, оған жолда кездескен көлшік су туралы да ақпарат береді. Сонымен қатар таяқ көмегімен адамның жүрген жерін біліп, оған хабарласу мүмкіндігі де қарастырылған. Бұл құрылғы еліміздегі көптеген мүгедектерге жүріп-тұруға, айналы тануға және өздерін кішкене болсын қауіпсіз екендігін сезінуге көмектесе алады.

Құрылғыда келесідей мүмкіндіктер қарастырылған:

– ультрадыбыстық сигнал негізінде вибра толқындар арқылы тосқауылды анықтау;

– көлшік жөнінде дыбыстық сигнал арқылы ақпарат алу;

– GSM және GPS модульдерін қолданып таяққа хабарласу, хабарлама арқылы координат алу.

Сонымен қатар құрылғыны әрі қарай дамытып, жетілдіру мүмкіндігі бар. Оның корпусын жасау, батареядан ток көзімен қамтамасыз ету, құрылғыны таяққа қондыруға арналған қорабын жасау.

ӘДБИЕТТЕР

1. Visual impairment and blindness. <http://www.who.int/mediacentre/factsheets/fs282/en/> (қаралған күні: 29.04.2019)
2. H. Stolovitch, E. Keeps «Telling Ain't Training», Baltimore, Victor Graphics, Inc., 2002. – 20 p.
3. История белой трости. <http://www.trostri.com.ua/history.html>.
4. S. Cardin, D. Thalmann, F. Vexo «Wearable Obstacle Detection System for visually impaired people» Virtual Reality Laboratory (VRlab) Ecole Polytechnique Fédérale de Lausanne (EPFL)CH-1015 Lausanne, Switzerland.
5. Osama Bader AL-Barrm International Journal of Latest Trends in Engineering and Technology (IJLTET)].
6. Байдаулетова А.Т., Сантеева С.Ә. Адам қозғалысын бақылаудағы arduino қолданысы ерекшеліктері.

Аннотация

В современном информационном мире человеческие действия автоматизированы и упрощены для использования. Трудно представить жизнь современного человека без других устройств, таких как Интернет, компьютеры и мобильные телефоны. Все эти устройства предназначены для упрощения жизни, работы, передвижения людей.

В этой статье обсуждается способ изготовления аппарата, который управляет движениями слабовидящих. Аппарат на основе микроконтроллера Arduino – самый невероятный инструмент для слепых. Это устройство контролирует движение человека, т.е. определяет местоположение человека, заранее определяя препятствия, риск падения в воду и местоположение человека. Для реализации вышесказанного аппарата используются микроконтроллеры ArduinoMega 2560, датчик воды Water Sensor, датчик дистанционного управления HC-SR04, ток микроконтроллера, транзистор, резистор. Среда программирования Arduino IDE использовалась для подключения и программирования специальных инструментов. С помощью этого устройства вы будете заранее уведомлены о препятствиях и переполнениях людей.

Annotation

In the modern information world, human actions are automated and simplified for use. It is difficult to imagine the life of a modern person without other devices, such as the Internet, computers and mobile phones. All these devices are designed to simplify the life, work, movement of people.

This article discusses the method of making the apparatus, which is controlled by human movements, that is, the movement of the visually impaired, in foreign literature is called white wire. The device based on the Arduino microcontroller is the most incredible tool for the blind. This device controls the movement of a person, that is, determines the location of a person, determining in advance the obstacles, the risk of falling into the water and the location of a person. To implement the above, the ArduinoMega 2560 microcontrollers, the Water Sensor water sensor, the HC-SR04 remote control sensor, the microcontroller current, the transistor, and the resistor are used. The Arduino IDE programming environment was used to connect and program special tools. With this device you will be notified in advance of the obstacles and overflows of people.



- Шталь Т.В.** д.э.н., профессор, декан факультета международных экономических отношений Харьковского национального экономического университета им. Семена Кузнеця (г. Харьков, Украина)
- Гуткевич С.А.** д.э.н., профессор, завкафедрой «Международная экономика», Национальный университет пищевых технологий, г. Киев
- Ковалова М.** к.э.н., асс. профессор кафедры «Международная экономика», Национальный университет пищевых технологий, г. Киев
- Слободян Н.** PhD, асс. профессор кафедры «Международная экономика», Национальный университет пищевых технологий, г. Киев
- Чернелевская О.Л.** д.э.н., профессор кафедры «Финансы», Национальный университет пищевых технологий, г. Киев
- Чернелевский Л.Н.** профессор кафедры «Учет и аудит», Национальный университет пищевых технологий, г. Киев
- Диханбаев Г.К.** магистр, Международный университет Кыргызстана, Бишкек, Кыргызстан
- Сатканова Р.Г.** к.э.н., доцент кафедры «Менеджмент», КазУЭФМТ
- Мухамбетова Л.К.** к.э.н., доцент кафедры «Менеджмент», КазУЭФМТ
- Дошан А.С.** PhD, ст. преподаватель кафедры «Менеджмент», КазУЭФМТ
- Айдарханова Б.Б.** к.э.н., ст. преподаватель кафедры «Экономика», КазУЭФМТ
- Мухамеджанова А.А.** магистр, ст. преподаватель кафедры «Экономика», КазУЭФМТ
- Токсанова А.Н.** д.э.н., профессор кафедры «Экономика», КазУЭФМТ
- Галиева А.Х.** д.э.н., доцент кафедры «Экономика», КазУЭФМТ
- Байбашева Г.К.** PhD, и.о. доцента кафедры «Менеджмент», КазУЭФМТ
- Керимбек А.К.** магистр, ст. преподаватель кафедры «Экономика», КазУЭФМТ
- Тусибаева Г.С.** PhD, асс. профессор, доцент кафедры «Учет и аудит», КазУЭФМТ
- Кажмухаметова А.А.** к.э.н., ст. преподаватель кафедры «Учет и аудит», КазУЭФМТ
- Айтхожина Л.Ж.** к.э.н., доцент кафедры «Учет и аудит», КазУЭФМТ
- Михайлина И.Н.** магистр, ст. преподаватель кафедры «Учет и аудит», КазУЭФМТ
- Алашбаева Н.М.** магистр, ст. преподаватель кафедры «Финансы», КазУЭФМТ
- Алина Г.Б.** к.э.н., доцент, завкафедрой «Финансы», КазУЭФМТ
- Лукпанова Ж.О.** к.э.н., ст. преподаватель кафедры «Финансы», КазУЭФМТ
- Амирова Г.К.** магистр, ст. преподаватель кафедры «Менеджмент», КазУЭФМТ
- Абенова Г.И.** к.т.н., ст. преподаватель кафедры «Учет и аудит», КазУЭФМТ
- Владыкина Е.Г.** магистр, ст. преподаватель кафедры «Учет и аудит», КазУЭФМТ
- Валиева А.Б.** магистр, ст. преподаватель кафедры «Социальная работа и Туризм», КазУЭФМТ
- Аманжолова А.А.** к.п.н., доцент кафедры «Социальная работа и Туризм», КазУЭФМТ
- Сантеева С.Ә.** магистр, ст. преподаватель кафедры «ИСИТ», КазУЭФМТ
- Байдаулетова А.Т.** магистр, ст. преподаватель кафедры «ИСИТ», КазУЭФМТ

Руководство для авторов по оформлению статей

Все статьи принимаются через электронную почту. Статьи, не соответствующие требованиям к оформлению, не рассматриваются. Пользователям необходимо поддерживать актуальность своих контактных данных и другой информации, указанной в профиле. Проверьте правильность указания e-mail, поскольку всю переписку редакция будет вести с Вами по электронной почте. Авторы могут прислать материалы по электронной почте: science.kuef.2017@mail.ru.

Текст должен быть набран в формате **WINDOWSXP** или ***.RTF (REACH TEXT FORMAT)**, **офис 2007**, редакторе **Word 2007**, шрифт – **TimesNewRoman**, формат А4. Объем – 6-8 страниц машинописного текста (2500-3500 слов).

В левой верхней части листа печатается **УДК и ГРНТИ (УДК = UDC=ӘОЖ – ГРНТИ=SCSTI=FTAMP)**. Далее в правой части листа печатаются фамилия и инициалы автора, ученая степень и звание, место работы, город. Через пробел в середине листа прописными буквами печатается **название** материала, затем **аннотация** на языке текста публикуемого материала (150-200 слов), далее **ключевые слова** – *на трех языках*, после ключевых слов указывается (при наличии) **код по классификации JEL**.

Затем через один интервал обычным шрифтом – **текст** (по предложенной выше структуре), который следует печатать без переносов. Размер шрифта – 14, межстрочный интервал – одинарный, ширина всех полей – 2 см, абзац – 1,25 см. Формулы следует набирать в приложении – **редактор формул (MicrosoftEquation)**. В тексте статьи ссылки на источники обязательны. Сноски (ссылки) на использованную литературу печатаются в квадратных скобках.

После текста статьи следует:

- список литературы;
- переведенные аннотации (на англ. и рус/каз.).

Не допускается использование:

- жирного, курсивного и подчеркнутого шрифта в основном тексте;
- автоматического и принудительного переноса, знаков принудительного разрыва строк, страниц;
- фотографий;
- цветных элементов.

В статье допускается не более 3-х таблиц, выполненных в Word, 3-х рисунков (Word, группировать).

К статье прилагаются сведения об авторах. Ответственность за содержание и оформление статьи несет автор статьи.

Публикационная этика

Редакция журнала «Вестник КазУЭФМТ» придерживается этических принципов на всех этапах работы с публикациями. Мы соблюдаем Этический кодекс Комитета по этике научных публикаций (Committee on Publication Ethics, COPE) и стремимся следовать его рекомендациям. Мы надеемся на следование принципам этичного поведения от всех сторон, вовлеченных в процесс работы с публикациями: авторов, редакторов и рецензентов.

Порядок рецензирования статей

После получения статьи она рассматривается техническим секретарем с точки зрения соответствия требованиям к оформлению статей. Все поступившие статьи проверяются на оригинальность с помощью соответствующих электронных ресурсов. По результатам проверки статья может быть направлена автору на доработку.

Все научные статьи, поступившие в редакцию, подлежат обязательному рецензированию.

Научный редактор (или ответственный редактор) определяет соответствие поступившей статьи профилю журнала, требованиям к ее оформлению и затем направляет статью на рецензирование двум независимым специалистам по соответствующей тематике, не входящим в состав редакционной коллегии.

Рецензия должна содержать квалифицированный анализ материала статьи, объективную, аргументированную его оценку и четко обоснованные рекомендации. В рецензии должны содержаться:

- актуальность темы;
- научная новизна, основные результаты исследований;
- структурированность и логичность изложения статьи;
- соответствие содержания статьи ее названию;
- замечания рецензента и рекомендации рецензента (рекомендуется для опубликования, рекомендуется для опубликования после исправления замечаний, не рекомендуется для опубликования).

В случае отрицательного результата экспертизы статья отклоняется от публикации. Редакторы не вступают в переписку с авторами отклоненных статей. Отклоненные статьи повторно не рассматриваются. Основные причины отклонения статей – отсутствие научной новизны, низкая оригинальность, несоответствие научной сфере журнала.

Статьи, получившие положительные рецензии и принятые к публикации редакцией, ставятся в очередь публикаций.

Контактная информация

Адрес редакции: 010005, г. Астана, улица Жубанова, 7

Контактный телефон: +7(7172) 27-85-72

E-mail: science.kuef.2017@mail.ru

Сайт: <https://kuef.kz/ru/science/vestnik/>

**Қазақ экономика, қаржы және
халықаралық сауда университетінің
ЖАРШЫСЫ**



**ВЕСТНИК
Казахского университета экономики,
финансов и международной торговли**

Беттеуші: **Баркова О.**

Жаршы авторлардың электрондық түпнұсқасы негізінде басылып шығарылған
Вестник сверстан и отпечатан с электронной версии авторских оригиналов

Басуға 11.03.19. қол қойылды. Пішімі 70x100 1/10. Көлемі 13 б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 651.
Подписано к печати 11.03.19. Формат 70x100 1/10. Объем 13 уч.-изд.л. Тираж 300 экз. Заказ 651.

*Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің
баспа-полиграфиялық орталығы. Астана қ., Жұбанов көшесі, 7*

Университеттің менеджмент жүйесі ISO 9001 сәйкестігіне сертификатталған
Система менеджмента университета сертифицирована на соответствие ISO 9001